

П И О Н Е Р



Июль

1948 жыл

№ 7



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

ИЮЛЬ 1948 ЖЫЛ

Шығуына 10 жыл

БІЗ КҮШТІМІЗ

Қ. БОРАМБАЕВ

Теңіз шарлап, толқын кескен,
Мұхиттарда еркін жүзген
Алып кеме, қызыл флот
Еліміздің көркі-күлген.

Кемелі елміз, даңқымыз зор,
Мұхит, теңіз шалқып жатыр.
Елін қорғар, суын қорғар
Теңізшілер — кілең батыр —

Сап түзеген жас теңізші,
Тұлғасында толғай жігер, —
Ол бүгінгі — нахимовшы,
Ертең жігіт — ол офицер.

Біз көреміз көк теңізде
Кемелердің неше түрін,
Желкем кеме, жел қайығы
Емес олар кешегінің.

Әні линкор таудай болып
Теңізде тұр, денесі зор,
Узақ сапар, ауыр жорық
Қорқытпайды оны алыс жол...

Мінсек қалап крейсерге,
Тез жетемін алыс жайға,

Су үстінде крейсердей
Көз ілеспес жүйрік бар ма!


Өр теңізші қорықпайды,
Су астына кетер сүңгіп,
Бар сүңгуір кайықтар да —
Қайтар судың түбін біліп.

Өзенді өрлеп, дария бойлап
Жол шегеді пароходтар
Жүк тасыйтын, серуендейтін —
Неше түрлі пароход бар.

Саяхаттап бармақ болсаң
Мысты Балқаш қаласына,
Іле қулап пароходпен
Ілезде оған барасың да.

Қарт Каспидің меруерт көз
Балықтарын аулау бізге
Қыйын емес, аулаймыз біз
Мінеміз де кемемізге.

Отанымның — өрге жүзген
Күшті, жүйрік кемелері
Коммунизм портына деп
Тура тартып келеді елі.



ҚАЗАҚСТАН КСРО
КОМИТЕТІ
1948. СЕБЕНБЕ

Колхоз баласы



Ә Н Г І М Е

Ф. ДИНИСЛАМОВ, Т. МҰҚАНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Тығыршықтай семіз, орта бойлы, қара торы баланың аты Еркін. Көріп отырсыз сырт бейнесінде өз жолдастарынан айта қоярлықтай ерекшелігі жоқ. Тек қадала қараған адамның көзіне еріксіз түсетін нәрсе: оның жүріс-тұрысында өте бір жылдамдық қыймыл ғана бар сыяқты. Мұны бәлкім оның қалыптаспаған балалық мінезінен туған болар, сондықтан ондай қыймылдар кейде тез қатар жеңілдікке, тіпті айта берсе жаңғалақтыққа да соғып кетер дейін десең, олай емес. Істерен ісіне байсалды ой, байышты мінезбен қарайды.

Ол міне, таза ғана жыйналған кішірек бөлменін ашпалы терезесін ашып қойып, кітап оқып отыр. Оның алдында жатқан зоология пәнінің оқу құралы. Ол көктемгі емтиханға күні бұрын дайындалып, өткен сабақтарды пысықтаудың үстінде отыр. Жануарлар, жәндіктер дүниесінің ертедегі тарихын және бүгінгі өмірін жете білу қандай қызық! Еркін бұған ерекше мән беретін. Айналамызда тіршілік етіп жүрген жануарлардың, жәндіктердің әр қайсысының өмір хасиеттері, ол үшін өз алдына бір ғылым тарауы болып көрінетін.

Сәлден соң күн таудан асып, үй іші күңгірт тартты. Еркін енді ертеңгі пысықтайтын сабақтарының жоспарын сызып, ұмытпас үшін қысқаша ғана күнделік дәптеріне жазды да, сыртқа шықты.

Ол аялдамастан арық жағасында арқандаулы тұрған бұзауын әкөп, үй жанына байлады. Сү себіліп, сыпырылып, айнадай жалтырап жатқан қораның ортасына әлде қалай оғаштау барып түскен екі тал шыбықты тез жыйнастырып алып, үйілген отынға анарын қосты.

Осынау кішіректеу, ықшамды ғана салынған қораның іші қандай көңілді дерсін! Шапшау жатқан бір тал шыбық жоқ. Әрбір нәрсе өз орнында тұр. Оның үстіне осынша ретілдікке, ұқыптылыққа ерекше көрік беріп тұрған тағыда мына бір әсем көріністі байқаймысыз! Қараңызшы, көзіңізді салып: жаңа ғана шешек атып гүл төгіп, балапанша біркөлкі өсіп келе жатқан міне бірнеше түп жас алма ағаштары тұр. Оның айналасында арықты жағалай егілген терек, талды көремісіз? Мына жатқан бақша ше? Қалай тақталанып әр егіс өз ретімен егілген? Ойлана қарасаң осының бәрі бір шебер адамның үлбіреген жібектен ойған оюы немесе тіккен кестесі сыяқты емес пе?

Еркін айналасына көз жіберіп тұрып, ерке-нәзік дауыспен баяулатып әнге басты.

Балғын бакшам балдырған,
Қарасам көз қандырған,
Өмірім қой жұп нұрлы,
Еңбегімді қандырған.
Алма пісер албырап,
Бұтақтарда салбырап,
Сол алмаға бір жырды
Арнап Еркін, ал құрап!

Таңдану өз алдына. Ал енді осының бәрін жасап, жайнатып жүрген кім? Әңгімені сол жөнінде айтқанымыз орынды болады-ау деймін.

Анығында әңгіме былай еді.

* * *

Бұл колхоздың атын «Төктерек» деп атайды. Еркіннің ата-анасының және өзінің де туып, өскен мекені осы колхоз. Колхоздың қазіргі көрінісіне көз жіберсең: көркейген ауылды көресің. Ол ну орманға бөленген. Жан жағы жайқалған егін. Жасарымы жайнап кеткен дала. Колхоз малға да бай. Бұрынғы қол күшінің атқаратын жұмыстарының көпшілігі қазір машина күшімен, механика күшімен істеледі.

Міне, бұл келешегі мол колхозды ауылдың қазіргі көрінісі!

Еркін осы колхозда қарттау тартып қалған анасының қолында тұрады. Әкесі Базекен ертеректе қайтыс болған. Содан бері ірге аудармай Еркінімен бірге қарт ана осы колхоздың шаруашылығына қол үзбей қатысып келеді. Қайсы бір уақыттарда қарттықтың әсерінен сүйектері қақсап қалатында жездері болады. Бірақ оны өлең етіп жатып алуды ана өзіне ар көреді. «Тіпті еңбекке еті үйренген адамға жұмыссыз жату қиын екен. Жұмыс істемесем ауырып қаламын. Қайта қыймылдап терлесем күз-құян өзінен өзі жоқ болып кетеді». — дейді ол ішкі сырын ақтарып. Анығында анасы колхоз жұмысында жүргенде, Еркін үй шаруасына зейін сала қарайтын. Жаңадан отырғызған жас алма ағашын, бакшасын өзі бағатын еді. Жұмыста жүрген қарт анасының ұсақ-түйек үй жұмысына қай бір қолы тие береді. Сондықтан анасының колхоз шаруасына алаңсыз қатысуы үшін ол үй шаруасының көпшілігін өз міндетіне алған. Өйткені ол жас қой!

Оның үстіне бығыл бұл қарт ана колхоздың бір

465339



гектар қант қызылшасын бағып-қағуды жеке басының қарауына алды. Бұған бірінші себеп болған осы оқушы ұлы Еркін еді.

Ол қыс айының бір күнінде сабақтан келіп анасына:

— Ана, — деді қуанышы қойнына сыймай асыға сөйлеп, — мен жаңа колхоз агрономының әңгімесін тыңдадым. Ол кісі біздің класқа келіп әңгіме өткізді. Директор ағай әдейілеп шақырған екен. Бізге бау-бақпа жемістерін өсіру жайынан түсінік берді. Содан соң қант қызылшасы туралы да әңгіме айтты. Ал енді, сіз бар ғой, ана, бұрын жалпы жай ғана қатысып келдіңіз ғой, қант қызылшасының жұмысына. Бұл бір үлкен игі жұмыс екен. Апатай, быйыл ең болмаса бір гектар қант қызылшасын жеке алып бағайық! Қарашы өзің: егерде бір гектардан ең болмаса 800 центнер, немесе 1000 центнер түсім әперсек. Сонда колхозымызға қанша пайда келтірер едік!

Ана қарқ-қарқ күлді.

— Қарағым-ау, мен болсам қартайып қалдым. Сен болсаң жассың. Қайтып біздің шамамыз келеді бір гектар қант қызылшасын күтуге?

— Апатай, — деді Еркін жалынышты дауыспен, — қайтсекте істерміз. Бір гектар қант қызылшасын жеке алайық. Сіз болсаңыз әлде қайраттысыз. Мен болсам жігіт болып қалдым. Содан соң, — деді ол анасының құлағына сыбырлап, — мен Еңбек Ерлерін жақсы көремін... Сіз мүмкін... жоқ, апатай ешкімге айта көрме мұны — деді ол тағы да анасын құшақтап жалынышты пішінмен.

Ана бұл кезде тек сылқ-сылқ қана күліп отыр еді.

— Жарайды құлыным, — деді ол күлкісін тыйып, — Айтқаның болсын. Алайық! Бірақ ол үшін енді еңбекке он есе қайрат жігермен кіріселік.

Еркіннің апасы бүгін жұмыстан үйге әлденеге алаң болған пішінмен қайтты. Келе сала белін де шешпестен:

— Еркін-жан, — деді, — жаңа агрономнан естідім... Жоғарғы жақтан радио сөйлепті... Ертең осы маңда үсік жүреді депті... Кім біледі, қызылшаны үсікке шалдырып алмасақ жарар еді! Сен, күнім, киіміңді киіп, әзірше звеновойдың қасында бол. Үсік жүрсе таңда жүреді. Түтін салу үшін сабан-топан тасуға көмектес. Бір мызғып алып, мен де жетермін.

Еркін тез киініп, звено бастығы Сағира апайға барды. Сағира апай да мазасызданып, жер басына сабан-топан жеткізудің қамына кірісіп жүр екен. Демек жер басына керек бола қалса деп күнілгері жеткізілген сабан-топан жеткіліксіздеу еді. Сондықтан да жедел шара қолдану керек еді.

Еркін Сағира апайдың бұйрығын күтпестен бір арбаға дереу не бола кетті де, басқаларды соңынан ерте жөнелді. Оның жүріс-тұрысы бүгін әдеттегіден жылдамырақ көрінді. Ол осы уақытқа дейін өзіне сезілмеген бір ерекше жігермен ұмтылып, бір арба топанды көз ашып жұмғанша қалай тиіс болғанын да білмей қалды. Тек қасындағыларға:

— Тиеңіздер! Тездетіп жеткізелік! — дей берді дауыстап.

Кешікпей жер басына жеткілікті мөлшерде топан да түсірілді. Ел, болар үсікті тосып, көз ілмеді. Сол көптің ішінде ұзақ түнге көз шырымын алмай біздің Еркін де жүрді.

Таң ата айтқандай-ақ үсік те жүрді. Бірақ бірнеше жерден қойылған түтінмен теңіздей толықсып жатқан жалпақ қызылша өгісінің үстінде көк мұнар көтерілді: Колхозшылар үсікке бір тал да қызылшаның мұртын шалдырмай аман алып қалды.

Баласының түн ұзаққа қажымай қайрат көрсеткенін көрген ана:

— Менің Еркін жаным жігіт! — деді бір мақтанышты пішінмен.


Еркін быйыл 6 класты бітірді. Осы алты жыл бойына ол оқуды өз жолдастарынан кем оқып көрген жоқ. Әрдайым алда болды. Ардақты пионер атағына кіршіктей де кір жуытқан жоқ.

Әлде қалай тәртіп жайынан әңгіме қозғаранда, мұғалімдер оны көп алдында үнемі үлгі ете сөйлейді.

Ол өз мектебін жанындай жақсы көріп, оны өз өмірім деп бағалайды. Бәлкім, оның жақсы қасиеттерінің бірі де осы болар.

Міне, сол Еркін бала осы. Оның өткір көзді жайдары жүзінен әрдайым тек бір жақсы мінездің, оқуға-білімге деген зор талаптың, еңбекке деген адал ықпалының, айнымас жігердің жарқын нұрлы сәулесі ғана көресің.





С. БАҚБЕРГЕНОВ

Повесть, соны, басы өткен саңдарда)

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

... Міне, кеш болып барады. Қара орманның шегі жоқ көсіліп те, жөлбеп те жатыр. Бірақ соншалық бейбіт, кең пейіл емес, қабағы қатынқыда, түйолі де. Орманның азынаған азалы үні, сұрғылт тартқан, сығырайған күні бар. Оқтың-оқтың ауыр күрсініп, қатты жөтеліп, қатынқы қабағын қарс жауып түйіле түседі. Ішін тартып жылаған баладай үілдейді, өксіп-өксіп жылайды, күйзелген де, күніренген де түрі бар қара орманның!

Орман жаралы. Бүгін ғана осы орманнан дүрлігіп өткен дүбірде мың жасаған қарағайдың бұтағы ғана қыйрап қойған жоқ, жас ағаштардың да әлі бүртік ашпаған бұтағын да от шарпыды. Анау тұрған қайыңның өзегін қажарып өткен жау оғы. Мына қарағайдың дәл түбіне түсіп, тамырын қопарған жау снаряды емес пе? Осы орманның бір жақ бетін қашқан жау жалап, сыйпап кеткендей арса-арса болып жатыр. Бұл маңда адам түгіл, аң да жоқ. Ормандағы май табан аю да, құйрықты қызыл түлкі де, ең аржағы көкжал бөрі де орманның екінші бөлегіне ауып кеткен. Я, жау тырнағы қара орманды түгел қамтый алған жоқ. Орманның осы бір бөлегін ғана жайпап өтті. Жаудың қанды ізі батысқа қарай жосылып жатыр. Талғат осы жерге жеткенде бір дем алды. Ол ақша қардың бетінен қыйсық табан неміс солдатаның батысқа қарай басқан ізін ап-айқын көрді. Із арасында сорғалаған қан. Таяқ тастам жерде басын батысқа қаратып, өліп жатқан неміс солдаты.

Осы жер бұдан біраз бұрын үлкен бір айқастың орны болған. Авиация мен танктің сүйемелдеуімен жаяу әскер бөлімінің шегінген немістермен айқасқан жері. Сұлап жатқан өлік, қыйрап жатқан машина мен зеңбіректер осының айғағы. Мына жатқан танктің үстіне бомба тастап қыйратқан кім? Оның көзіне танктің башнясын күйретіп тастаған Бондаренконың бомбасы сыяқты елес көрінді.

Достарынан ажыраған Талғат барлық жақсылық солардың қасында жүргенде екен деп түсінді. Барлық жақсы нәрсені солар істеген боп көрінеді.

Бұл кезде күн де батып, қараңғылық түсе бастап еді. Солтүстік батыста сирек болатын ақ боран басталып та кетті. Желге арқасын тосып, қарлы құйын ішінде, алыста бара жатты ол.

XII.

Мынау Тарастың Днепросы. Көк толқынның бетінде көбігі ойнап, буырқана долданып, шыйыршық атып дөңбекшуде. «Толқыныма тап болсаң барар жерің алыс», — дегендей қаһарлы да, қайратты да түрі бар, екі езуі көбіктеніп, көсіліп жатқан бір алып. Жар басынан ирімге үңілгенде бейне бір ту асаудай тулап жатқан толқынды жөресін. Жау осы өзеннің оң жақ жағасына бекінген.

Барлау пунктінен қараған адамға жаудың әрбір қый-

мылы ап-айқын көрінеді. Жау ол жақта қыс қыстау, жаз жайлау салып жатқандай бекіністерін беріктел-ақ жатыр.

Алынбастай камал, берілместей бекініс шебің құрып жатқан жаудың қыймылы тым асығыс.

Жаудың табанын жағаға тіретпеуге бұйрық алған Совет әскерлері де асығыс қыймылдап жатты.

— Мынау Днепр, — деді подполковник Митрофанов, айнала қоршап тұрған эскадрилья командирлеріне қартадан көрсетіп, — жау бекінісінің құрылысына қараңыздар! Мыналар темір бетонды бекініс. Мына біреу көк нүктелермен белгіленген көмілген танктер. Әзірше таныса беріңіздер, штаб бастығы келгенсоң жеке-жеке тапсырма аласыздар.

Күн көтеріле бере ұшқыштар тапсырма алып кетіп жатты. Тапсырма біреу-ақ еді. Бүгін жауды аспаннан да, жерден де атқылап есін жыйғызбау, кешкі қараңғылықпен жаяу әскер бөлімдері Днепрден аржаққа өтіп, шабуылдың алғашқы өрістейтін жерлеріне бауыр баспақ. Жаяу әскер бөлімдерінің шабуылы табысты болу үшін жаудың бас көтерер нүктесі болмауы керек деген сөзді подполковник әр қайсысына жөкелеп айтып, пысықтап жатты.

Көктемгі қайтқан қаздай тізілген штурмовиктер жау позициясына қарай сап түзеп, аэродромнан көтеріліп кетті.

Самолет кабинасына отырып жатқан Талғатқа подполковник Митрофанов жақын келіп:

— Жолдас лейтенант Бигелдинов! Сіз бүгіннен бастап эскадрилья үшін жауап беретініңізді ұмытпаңыз! Тапсырманың мақсатына жақсы түсіндіңіз бе!

— Түсіндім, жолдас подполковник! Қайталауға болады.

— Қайталаудың хажеті жоқ. Түсінгеніңізді сөзбен емес, ісіңізбен көрсетіңіз! — деді де, қолындағы кішкене қызыл шүберекті жоғары көтерді де, төмен қарай сілкіп қалды. Самолет біраз жерге дейін жорғалап барып, кеудесін желге төсеп, жоғарылап кетті. Самолеттердің жерден көтерілуін, әрбір қыймылын бақылап тұрған Митрофанов, Талғаттың самолетінің жерден көтерілуіне риза болмаған адамдай басын шайқап:

— Жүгі тым көп екен, — деп қалды.

Талғат майданның алдыңғы шебіне жете бергенде, көптен бері естімеген таныс бір дауысты естіп, көңілі жай тапқандай, өзінен-өзі қуанышқа батты.

— Луганский, Луганскиймін, — деген қомақты үн бойға жаңа қайрат бергендей саңқ-саңқ етті.

— Луганский қорғаушы болған күні мен аспанға қарамаймын, тек қана жерге, жерге үнілемін, — дейтін Талғат өзінің жолдастарына. Міне, ол жау шебіне өзі бас бастап үңіліп те, шүйіліп те барады.

— Машинаны тым кілт бұрып, келте қайруына қарағанда, мынау Бигелдинов болмас па екен? — деп ойла-



ған Луганскийдің құлағына да үзіліп-үзіліп шыққан таныс дауыс естілді.

— Эскадрилья, Эскадрилья... Мен Бигелдинов... Бигелдин...

Бүгін өз полкінің қыймылын жерден бақылауға майданның алдыңғы шебіне «Виллиспен» келіп түскен Митрофанов, қолына бинокль ұстап барлау пунктінде тұрды. Талғатты тым төмен ұшып, машинаны шұғыл қайырып, бірнеше рет шүйілгенін байқап тұрып, ол:

— Машинаны басқаруы жайшылықтағы мінезіне ұқсамайды. Ол жерде жүргенде өте кішіпейіл, сабырлы жігіт. Самолет кабинасына отырса, өзгеріп кетеді. Көрдiңіз бе қалай бұрады машинаны, қағаз ұшырып ойнаған бала сыяқты. Неткенмен жігіт өзі, — деп қасында тұрған Бондаренкоға қарап қойды.

Бондаренко жақында полк штабының бастығы болып жоғарылатылған. Талғатты ол Митрофановтан да жақсы біледі.

— Алтын жігіт ол, — деді Бондаренко Днепрдің арғы бетіндегі түтіні шыққан белеске қарап. — Танк жанып жатыр. Дәлдеп-ақ соқты білем. Жолдас подполковник, майданға ол келгелі бір-ақ жыл, жүзден аса жауынгерлік тапсырма орындады, осы жігітті тағы да наградқа ұсынасыз болмас, қалай дейсіз?

— Дұрыс! — деді Митрофанов бинокльден көз алмастан. — Мінезі өр емес, бірақ қыймылы өжет, қараңызшы, қалай дәл соғады?

Бұлар барлау пунктiнен кетуге айналғанда, жаяу әскер бөлімдері Днепрден өте бастап еді. Жаудың бомбалаудан қалған сілікпесі жан таласып, қарсылық көрсетіп жатты. Жаралы жаудың техникалық күші тозғындатылды. Олар совет солдаттарының тегеурініне төтеп бере алмады, табан тірер тыянағы қалмады. Жау авиациясының бас көтеруге мұршасы келмеді. Біздің жаяу әскерлердің немістің жағадағы аэродромына басып кір-

уіне себеп болған да, біздің ұшқыштардың тынымсыз қыймылдауынан еді.

Осы ұрыста немістің штурмовиктер полкінің командирі подполковник Шилленің өзі де қолға түсті.

Талғаттың машинасы Коршунь-Шевченко түбінде қоршауға алынған неміс группировкасын жоюға қатысқан бір ұрыста сексен жерден зенит оғы тиіп, қатты зиянданды. Жалғыз ғана моторы сау, қым-қыйғаш тесілген машинамен эскадрильяны қыян-кесті ұрысқа бастады.

— Жолдас аға лейтенант, саптан шығып аэродромға кайтыңыз! — деген Сафоновтың сөзін ол елеген жоқ.

Осы ұрыста машинаның кабинасын тесіп өткен зенит оғы аяғына тиіп, қатты жаралады.

Сексен тесігі бар машинадан жаралы ұшқышты санитарлар көтеріп алды. Көзі қанталап, ауыр дем алып жатқан Талғатқа Митрофанов ашулы пішінмен:

— Баласын сен әлі, немістің бәрін бір күнде қырып бітемің деп ойладың ба? — деп қатты сөйледі де:

— Алып кетiңдер! — деді санитарларға қарап.

Санитарлар носилкесінің үстінде аяғы таңулы, бетінен қаны қашқан Талғат астыңғы ерінін жымыра тістеп сулық жатты.

— Аға лейтенант Сафонов, сізді Бигелдиновтың орнына эскадрилья командирі етіп тағайындаймын, — деген Митрофановтың қомақты дауысы да оған түсінде естіліп жатқан сыяқты.

* * *

— Дәрігер операция жасағанда, сіз менің аяғымды көрдіңіз бе, қарындас? — деді Талғат бойшаң келген ақ сары қызға.

— Көрдiм.

— Жарасы үлкен емес шығар. Жазылғансоң қатты тіреуге келе ме?

— Аяғыңыз қыйсық болмайды, — деді қыз, осы аяғым қыйсық болып қала ма? деп, уайым ожеп жатқан болар дегендей-ақ.

— Қыйсық болса... Қыйсық болса болсын, қатты тіреуге келсе болады, — деді Талғат ақырын ғана жымыйып.

— Машинаға отырғанда аяғым тіреуге келмесе, тіпті қыйын. Сіздіңше аяғым қатты тіреуге келе ме, қалай?

— Аяғыңыз тіреуге келеді. — деді.

XIII.

«Киев—Варшава» деген жазуы бар жүйрік поезд Украин жерін басып жүйткіп барады. Талғат осы жолда, ең алдымен үш ай бойы көрмеген достарын көруге, бензин пісі сасыған сүйікті машинасын аңсағандай асығады, таныс емес орманға терезеден үңіліп көп қарайды.

Талғат өзінің полкіне үлкен қыймыл үтінде келіп жетті, оның үстіне ол сол күні маршал Коневтің қолынан бірінші рет «Алтын Жұлдыз» медалі мен Ленин орденін алды. Оның Берлинге сапары жаңа жігер, жаңа күшпен басталды.

Маршалдың «жарайсын жігітім» деген екі ауыз сөзі, оны асқан ерлікке, үлкен аброй мен атаққа, жарқын болашағына сілтегендей еді.

Я, оның Герман фашизмінің астанасына айбынды сапары нақ осы жерден басталды. Ол самолет кабинасына отырып жатқанда:

— Алға, Берлинге! — деген айбынды үн алыстағы Москвадан құлағына ап-айқын естіліп тұрғандай еді.

* * *

Полк Берлинді бомбалауға бұйрық алды. Полковник Митрофанов командирлерді жыйнап, бұйрықты жария-

Алды да, бұрынғысындай келіте айтылған бұйрық сөздерімен емес, кең түсінік беріп, салтанатты түрде арнау сөз сөйледі.

— Бүгін біз Герман фашизмінің жүрегі — Берлинге туған елдің намысы мен кегіне ораған бомбасын тастағалы отырмыз. Әрбір ұшқыш өзі тастаған бомбадан зұлымдық пен аюандықтың жүрегі болған Берлиннің қалай жанғанын көреді. Адамдық туына арам қолын созып, айдарлыны күл, тұлымдыны тұл етпек болған, ақ шашты ананы жанған өртке салған үйірлі жылан ордасының күлі көкке ұшатын сағаты жетті...

Берілген зілді бұйрықтың салмағын әрқайсысы өзінше іштей өлшеп, ойда тұрған саптан түсінбедік деушілер болған жоқ.

— Ешкімнің сұрауы жоқ болса, дайындалуға 2 минут уақыт беремін, — деп сағатына қарап, аэродром ортасында тұрып қалған полковник әрбір ұшқыштың қыймылына қараумен болды.

Енді бір-ақ минут! Бір минуттан соң алып бір күш аспанға көтеріліп, Берлинге шабуыл жасамақ. Бұлардың еркін қыймылдарын жаудың аспандағы күшінен қорғайтын Совет Одағының Батыры Сергей Луганский бастаған истребительдер аэродромды айналып та жүр.

Майдың шұғыла шашқан шуақты күніне шағылысып, қанаттары сәулеленіп көкке көтерілген машиналар тез ғана ромбы түрінде сап түзеп, салтанатты түрде Берлинге жол тартты. Осы бір топтың алдыңғы сапында гвардия капитаны Бигелдиновтың эскадрильясы бара жатты.

Талғат кішкене қара көзін төменге қадап, үңіле түскенде, тас қабырғалы Берлин камалының қатпарлы жағалауын көрді.

— Гитлершілдер ақырғы көрін мықтап-ақ қазған екен! — деп ойлады ол ішінен.

Бастауыш машина Митрофановтың самолетінің оңынан да, солынан да, алды-артынан зенит оқтары жарыла бастады.

— Мен — Сокол! Жоғары, жоғарылаңдар! — деген бұйрық Берлин төбесіне көк әлемін қақ жарып, гүрсілдеген көп үннен бөлекше, көтеріңкі естілді.

Берлин төбесінде салтанатты сап түзеген совет ұшқыштары қаланың батыс жақтағы ту сыртына шығып, кері бұрылды. Қаланың төңірегінде танкіге қарсы қазылған терең орлар мен ауыздары шығысқа да, батысқа да қаратылып орнатылған ұзын мойын зеңбіректер, қыбырлаған танк, тізілген автомашиналар көрінеді.

Жарты сағатқа толмайтын уақыттың ішінде қаланы қызыл жалынды, көк түгін басты. Истребительдердің қорғауымен емін-еркін қыймыл жасаған штурмовиктер Берлиннің оңтүстік-батысындағы жау әскерінің тоз-тозын шығарды.

XIV

Совет Армиясының алдында жау тізе бүкті. Рейхстагқа Совет туы тігілді. Бірақ гитлер Германиясының кері кеткен фельдмаршалы Шернер қарсылық көрсетуін тоқтатқан жоқ. Қарсыласқан жаудың осы қалдығын жоюға қатысу үшін полк бір эскадрилья жіберуге бұйрық алды. Полковник полк кезекшісін шақырып алып, әрбір эскадрильяның дайындығын жеке-жеке тексеріп, баяндауға бұйырды.

Полк кезекшісі эскадрильялардың дайындығын тексеріп, командирге баяндауға келгенде, Митрофанов пен Бондаренко бүгінгі шабуылдың жоспарын жасап жатыр еді. Столға жайылған үлкен картадан көз алмастан кезекшінің баяндауын тындап болып, Митрофанов:

— Меніңше капитан Бигелдиновтың эскадрильясын жіберу керек, — деп Бондаренкоға қарады.

— Дұрыс. Бүгін осы учаскеде Америка ұшқыштары да қыймыл жасайтын көрінеді, Совет ұшқыштарының

өнерін олар да көрсін, эскадрильямен бірге мені де жіберіңіз.

— Кейде осындай тапқыштығың да бар-ау, солай болсын!

Дайындала беріңіз! Мен қазір Бигелдиновқа бұйрық беремін, — деп, Митрофанов сыртқа қарай беттеді.

Эскадрильялардың дайындығын тексеріп жүргеніне қарағанда, бір бұйрықтың боларын алдын-ала сезген Талғат қарауындағы ұшқыштарды жыйнап, жай ғана әңгімелескен болып тұр еді.

Митрофанов топқа жақындай беріп:

— Жолдас Бигелдинов, дайындығың қандай? — деп сұрады.

— Дайынмын жолдас полковник! Жауда әлі де болса кегім кеткен сыяқты, соғыстың бітер сағатының аз-ақ алдында жау жақсы бір жолдасымды алып кетті.

— А, Сафоновты айтамысың? Түсіндім жолдас Бигелдинов, түсіндім. Соғыста олай болмай тұрмайды. Бірақ ондай жігіттер өлмейді. Ол сіздердің араларыңызда, халық жүрегінде сақталады. Оған Батыр атағын беруге ұсындық.

— Рахмет жолдас полковник, дұрыс істегенсіздер, ол шын ер жігіт еді, — деп Талғат полковниктің қолын ұстады.

— Міне, досым сүйе білетін адам! — дегендей Митрофанов Талғаттың бетіне біраз қарап тұрды да:

— Бүгінгі бұйрықты орындау сіздің үлесіңізге тиіп отыр, қалай қарайсың? — деді.

Митрофановтың «қалай қарайсың» деген сөзіне тандана қараған ұшқыштар:

— Қатал мінезді, бір сөзді Митрофановтың бір күннің ішінде өзгеріп кеткенін қараңыз! — дегендей өзара сөйлесе бастады.

— Не қалайы бар, жолдас полковник, бұйрықты орындауға дайынмын.

Полковник пен Талғат бұйрықты талқылауға кірісті.



Сөзінің ақырында Митрофанов жылы жүзін тез өзгертіп:
— Көреп көзге хауіске қарсы ұмтылма! Айламен абайлап қыймылда түсіндің бе? — деп бұрылып кетті.

XV

Митрофанов Москвадағы Жеңіс парадына таңдаулы ұшқыштарды жіберуге тапсырма алды. Полк жауынгерлерінің бұл күнгі қуанышы шексіз. Таңдаудың кімдерге түсерін әрқайсысы өздерінше жорамалдайды. Еңбегімді еске алғанда мен қалайша қаламын деушілер көп-ақ. Әркім өзінше Қызыл алаңда адымдап басып, Мавзолейде тұрған ұлы адамның алдынан полк туын көтеріп өтіп бара жатқандай қуанышты ойда жүр. Полк туын көтеруді маған қалай тапсырсын деп үміттенбейтіндер жоқ. Өйткені жеңіс туын жоғары ұстап, жауға шапқанда майданда өлген достарының қанына боялғандай сол тудың ал-қызыл түсін әр қайсысы жүрегіне терең сақтамады ма? Осы тудың абройы сақтауда бәрінің де азды-көпті еңбегі бар.

Полкті қабылдап алған күні Митрофанов осы тудың алдында тізесін бүгіп, шашағынан сүйіп, адалдыққа ант бергенде, бәріде жүрегімен сөйлеп, қосыла ант берген. Сол антты аброймен ақтап шыққан күні, бұл туды көсем алдынан көтеріп өтуге қайсысы құмарланбас!

Полк туы — полк жүрегі! Өзі қызмет еткен полктің ары мен намысы, абройы мен айбары сыяқты Ленин ордені қадалған бұл туды көп алдынан көтеріп өтуді кім қуаныш көрмейді? Бәрі де қуаныш көреді, бәрі бірдей үлкен аброй санайды.

Жеңіс парадына жүретін ұшқыштар аэродромның кең алаңына жыйналып жатты. Бәрінің көзі полк туын көтеріп, аяғын нық басып, аэродромға беттеп келе жатқан Митрофанов пен Бондаренкоға. Бұл екеуі өзара сөйлесіп келді.

— Менің соғысқа дейін біраз уақыт Қазақстанда болғаным бар, — деді Митрофанов Бондаренкоға қарап — Қазақ халқын жақсы білемін. Әлгі өзің айтқан жігітті көрген сайын, оның бойынан қазақ халқының асқан кішіпейлдік, әдептілік, меймандостық, кейде орынды жомарттық, батырлық кейін көргендей боламын. Жерде қандай көзге түспей-

тің қарапайым, елеусіз адам болғанымен аспанға көтерілсе болғаны-ақ өзгеріп сала берді. Өзі авиация үшін жаратылған адам сыяқты. Өзі де ер! — деп келе жатты.

— Бұл абройға лайықтылардың бірі екеніне таласым жоқ, — деді Бондаренко.

Бұлардың әңгімесін полктің дайындығын баяндауға алдарынан жүгіріп шыққан кезекшінің даусы бөліп жіберді.

— Жолдас гвардия полковник! Жеңіс парадына жүрушілердің тобы дайын!

Митрофанов сапқа жақындап келіп:

— Сапарларыңды құттықтаймын, сұңқарлар!

— Сау болыңыз, жолдас полковник! — деген қажырлы үн аэродромды бір көтеріп тастағандай саңқ ете түсті.

Митрофанов қолына полк туын ұстай жүріп, әрбір ұшқыштың қасына келіп, киім киісін, белдік буынысын, түймесін, гимнастеркасының жағасына дейін қарап өтті. Сапта тұрғандардың бәрінің көзі бүгін ғана көргендей, көздерін тудан алмай, қатып қалған. Әр қайсысының жүрегі май желінің самалымен толқыған қызыл тудың желпуімен бірге соғып тұрғандай, сұқтана қарайды.

Митрофанов қатарда тұрғандардан он қадам шегініп барып, саптағыларға:

— Тынышталыңдар! — деп команда берді.

— Жолдастар! — деді полковник. — Полктің жауынгерлері мен сержанттары, офицерлері атынан Жеңіс парадында полк туын көтеріп өтуді полктің жақсы ұшқыштарының бірі, Совет Одағының Батыры атағын өкірет алған гвардия капитан Талғат Бигелдиновке тапсырамын!

Саптағылар «орынды» дегендей қатты қол соғып жіберді.

Қаны бетіне шауып, жүрегі дүпідеп тұрған Талғат бойын тез жыйнап, аяғын нық басып топтан шықты да, Митрофановтың қолынан туды алды.

— Көп тудың ішінде көсемнің көзі түсетіндей етіп берік те, биік те ұста! — деді полковник Талғаттың бетіне жылы жүз, ағалық алғыспен қарап.

Вокзалға беттеген саптың алдында полк туын берік ұстап, Талғат кетіп бара жатты.

Соңы



Бақташы мен бұлбұл

Ж. САИН

Талда бұлбұл, жерде гүл,
Төгілді әсем жалын жыр.
Толқынды үні терең сыр,
Бөленді сазға ой мен қыр.

Кұшақтап адам баласын,
Тербелді дүние сол шақта.
Қыдырып таудың арасын,
Бір күй шықты аулақта.

Кұбылды сол кез кең дала,

Жарқылдап барлық тіршілік.
Сайрады орман, сай-сала,
Құлақпен тында, жанмен ұқ.

Басталды сауық.. қосты саз,
Талда бұлбұл, тауда шал,
Гауһарлы қойнын ашты жаз,
Бөктерде жатты жусап мал.

Долы ашуын шарт тыйды,
Күбірлеп ерні дауылдың.

Ақ маңдайын күн сүйді,
Әлпештеп ерін ауылдың.

Асқақтап ән-күй көкке асты,
Айдыңға жүзген қаздайын.
Жүрекке ыстық жармасты,
Мұзды еріткен жаздайын.

Уйытты елді осылай,
Талда бұлбұл, тауда шал.
Бақташы сазын жұтқандай,
Бөктерде жатты күйсеп мал...

Өлке сыры

В. КОПЫТИН

Әңгіме

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

— Неге көңілеіз отырсыз? Алдыңыздары жөріп келе жатқан жерге көңіліңіз толмай келе ме? Онда қайтадан анықтап қарағаныңыз жөн, бұл тек құлазыған қу дала емес. Мұнда кіші—құрым өзен де, көл де, өсімдік түрлері де, малыңдардың қыстағы да бар. Әнекей телеграф бағанының басында бір құс отыр, жол үстіндегі іннен бірнәрсені басын қылтығытады, ол я тағы мысық, я сарықұнақ тылқан. Үндеше бұл жерде аралуан өмір бар.

Мұны айтқан адам зулап жүріп келе жатқан поезддің бір вагонының тап орта қабатындары тақтайға пынтақтарын тіреп, терезеден далаға үніле қарап тұр еді. Жер бірде ашпақ сор кейде күрең, қызыл құм болып көрініп, кейін қарай көшкендей үйіріліп, дөңгеленіп қалып жатты. Поезд ұшан — теңіз құм даланы кесіп өтіп барады. Жолдың екі жағындағы құм тауларының арасын бытырай өскен өсімдіктер жалғастырып тұр. Кейде желсіз күндегі теңіз бетіндегі теп-тегіс жерлерде көзге шалынады.

— Жоқ, — деді әлгі көңілсіз отырған адам, қасындағы мосқалдау қазаққа қарап, арқасын вагонның қабырғасына тіреп, — алыстаған сайын адамға жайсыз тиетін көрінеді.

Көз жететін жерде қыбырлаған жан жоқ. Мына әйнекке қараңызшы, құлазыған шөл даладан басқа ешнәрсе көрмейсіз. Бұл өңірде су деген атымен жоқ. Ал, су жоқ жерде, тіршілік те жоқ. Өсімдікті ауызға алудың хажеті де шамалы, сусыз не болмақ. Мен Қазақстан картасындағы алақ—жолақ бояумен боялған Бетпақ дала мен Мойын құмға бұрын елеусіз қараған едім. Сол елемеген бетпақты бүтін өз көзіммен көріп келемін. Бұл дала — Қазақстан сусыз, майсасыз, ормансыз ел деген ой салды маған.

— Я, дұрыс—ақ болсын, шөл даланың жалпақ құм, суы жетімсіз екені рас. Бірақ адам баласы мұнда жол салып, құрылыстар жүргізіп, еңбек етіп жүргені есте болуы керек. Борис Федорович, өзіңіз де байқап қалған пығарсыз, көптеген станциялар мен разъездер бау-бақшаға көміліп-ақ тұр ғой. Бұл атам заманғы бау-бақша емес, қолымыздан егіп, алыстан су тасып күйіп өсіргеніміз. Соғыс алдында шөл далаға қарқынды шабуыл жасап едік. Ол шабуыл соғыс кезінде аздап бөсеңдеді. Ал, қазір оны күшейте түстік. Қызылорда маңындағы салынып жатқан үлкен тоғамды естіген боларсыз.

— Қай жерде дедіңіз? — деді Борис Федорович көк шынылы көзілдірігінің астынан әңгіме айтып отырған адамға сүзіле қарап.

— Қайда болсын, әйгілі Сырдарьяда. Ол—үлкен өзен. Сол тоғам арқылы жүздеген гектар күріш өгісіне су жіберілді. Үнді осы Сырдың мұрынына жезбұйда тағып, сүйреп әкеп көл жасамақпыз. Су электр станциясын салмақпыз. Шөл даланың сусыны да қанады, сәулеті де өзгереді. Қазақстан сіз ойлағандай бір жатқан бос дүние емес. Таулы, орманды, көлді, өзенді, көк майсалы өлке. Колхозды, өндірісті ел. Бұл аймақтың байлығын айтып жатпаймын. Осы шөл даланың өзінде-ақ күріштің, тарының, қант қызылшасының, мақтаның өрен өскенін ескертсем де жеткілікті болар. Табын-табын болып жайылып жүрген мал. Ағаш басы ырғалған алма. Міне сіз қомының отырған шөл дала осындай, ол дәулет даласына айналды.


Бұл әңгімені тыңдап отырған адам теміржол инженері еді. Ол бұрын бұл жерге келіп көрмеген еді. Бетпақ дала жайына әбден қапқандығы бет әлпетінен енді ғана сезіле бастады.

— Сіз қайда істейсіз? — деп сұрады ол, көзілдірігін жоғары қарай бір көтеріп қойып.

— Осында, бір мектепке мұғаліммін.

— Сізге бұл жақ жағады ғой нобайы?

— Әрине, — деді мұғалім, сөзін салмақты үнмен сөйлеп. Осы жауаптың артынан іле-шала инженерге бір қарап өтті. Ол мұғалімге қадалып қарап қалған екен. Ол елде бірдемелерді тағы да сұрай түскісі кел-



ған адам сыяқты. Оның ендігі сұрауын айтқызбастан-ақ, инженерді біржола үйіріп жетпек болған мұғалім едімөсіні ілгері соза берді.

— Шөл далара біз де жорық жасадық. Бұл даланы гүл—бақшара бөлеуге құштарлығымыз адам айтқысыз. Ағаш, гүл егу жұмыстарын сорыс кезінде де дотарғамыз жоқ. Қазір біздің станцияға жетеміз. Ол станцияны халық бау—бақша түбегі дейді. Бұдан төрт жыл бұрын бұл станцияның басы тап—тақыр еді. Не бір түп ағаш, я жалғыз тал гүл көрмейтін едіңіз. Ал, бүгін бау—бақшаға көмілген станцияны көресіз.

1944 жыл еді. Пионер вожатыйы Райхан Айбергетова мектептегі пионерлерді жыйнап алып өзінің ойындағы түйсігін ортаға салды:

— Балалар, — деді ол, — біздің мектебіміз бен поселкамыздың сырт көрнісі тым көзартарлық емес. Бұн болса қайнап тұр. Су тапшы. Далаға шықсаң маңдайыңды ыстық құырады. Мен осыдан құтылудың амалын таптым. Соны істейміз бе?

— Істейміз!... істейміз!... Пионер қыйындықтан қорықпайды, — деген дауыстар шу ете түсті.

Осы жыйыннан бастап — ақ пионерлер іске кірісті.

— Ал, сөйтіп пионерлер бақша отырғызды ма? — деп сұрады инженер.

— Уақыт өскен жылдай өте берді. Отан соғысы басталды. Мен әскерге кеттім. Бірақ, менің бар кезімнің өзінде-ақ едәуір жұмыс істелген еді. Мен майданда жүргенде, оқушыларымнан хат алып тұрдым. Олар хатында сол бақшаларының жай-жапсарын да жазған болатын. Алма ағаштары алма бере бастапты. Майданда жүргенде маған көпке алмадан сәлемдеме салыпты. Ал, Шу өзені ұзыннан—ұзын шұбалып ағып келеді де, құмға кіріп жоқ болады. Біркезде Сырдарьяға құюы ражап емес. Қазір оны жер жұтып жатыр. Міне, тап осы жерде жуықта үлкен көл жасаймыз. Бұл тұсқа көл пайда болды деген сөз—өмір құлпырды, гүлденді деген ұғым. Бұл аймақты гүлдендіруді пионерлер бастап беріп еді, бүкіл халық қостап кетті. Ағаш, не гүл ғана емес, астықтың да барлық түрі көз тұндырады, өсе бастады.

30—40 пионер, ол көп адам емес қой, аз болса да 5 гектар жерге ағаш, гүл өсірді. Оны үлкендер қостап адам айтқысыз күйге жеткізді. Сіз, Борис Федорович, біздің қаламызда бір күн аялдап, соны көзіңізбен көрсеніз өкен?

Паровоз бір-екі өкіріп қалды да, жолдың өкі жағын қалың ағаш жапқан бір жерге келіп тоқтады.

Заттарын жыйнастырып жатып:

— Бұл біздің станция, Борис Федорович, бір күн деген көп уақыт емес қой, түселік — деді мұғалім. — Шөл даланың алмасының дәмін көріңіз, бақшамызды байқаныз.

— Асығыс едім. Жұмыс жайын біліп келесіз. Мұнда келіруге мұршап жоқ. Поезд жүргенше ғана жерге түсуіме болады, — деді инженер.

Станция басы оқушы, пионерлерге толып келген.

Олардың қолындағы шоқ—шоқ қызыл—жасыл гүл жарқын жүздерімен шағылысып тұр. Бәріде мереке күндеріндегідей сәнді—салтанатты түрде кінген. Гүлдерін жоғары көтеріп:

— Жұмабай аға, амансыз ба? — деген зор дауыстары станция басын жаңғыртады.

Бұрымдарын әдемілеп өрген, мөлдір көзді, қара торы пионерка Жұмабайға жетіп келіп, құшақтай алды.

Жұмабай оны құшақтап, маңдайынан піскеді. Ол қараторы қыз — Райхан еді. Инженер де топты баланың қоршауында қалды.

Райхан Жұмабайға:

— Бұл гүлдер біздің бақшамыздың жемісі. Өзіңіз бастап өсіскен бақша, бүгінде керемет бақшаға айналды, — деді.

— Тамаша, тамаша! — деді Жұмабай Райханды өзінің кеудесіне қарай қысып. Бірталай уақыт шөл далаға қырыстау ойдың қырқасынан қарап келе жатқан инженер де:

— Шіркін, мұғалімдік жарастықты мамандық-ау, қайда болса алдынан хұрметті сый дайын тұрады, — деді ауыр күрсініп.

— Жұмабай ағай! Мектепке беттейік, — деді Райхан.

Жаң-жағы гүлдер мен ағаштарға оранған жолмен жүріп отырып мектепке келді.

— Біз мектеп алаңына Алматыдан 300 түп алма ағашын алдырып отырғыздық, олар жапырақтап, қаулап өсіп келеді. Мұғалімдеріміздің бәрі де көргенде риза болып жүр. Алма пісі мұрнымызды жарады.

Ол ағаштарды отырғыза бастағанда, су жетімсіз болды. Біз оқудан бос күндері арық қазып, суды өріксіз мектеп алаңына жеткіздік.

— Ғажап өрлік! Райхан, ризамын! «Бетпақ дала» деген енді ойымыздан мәңгі шықты. Енді ол дәулет даласы, еркін өмір даласы болып аталады. Оған өнеріміз де, көзімізде жетеді, — деді Жұмабай мектепке кіріп бара жатып.



ТАМАША АДАМ

Осыдан 84 жыл бұрын, Сибирьдің қалың орманды, шатқал шынды, елсіз-күңсіз сұрғылт түсті суық дала-сында, қол-аяғы кісендеулі 36 жастағы тұтқын жігіт қарақшы-патша жендеттерінің ортасында кетіп бара жатты. Тұтқынның түсі куқыл аппақ-шөлмектей, бет аузын түк басқан тым жүдеу еді. Сонау Петербургтен қыйыр Сибирьге шейін жаяу-жалпылап жүрген 4—5 айлық ұзақ жол тұтқынды әбден қажытқан болатын.

Бұл орыс халқының данышпан ұлы, өз заманының атақты революционері, әйгілі ғалымы, жазушы және сыншы — Николай Гаврилович Чернышевский еді.

Н. Г. Чернышевский 1828 жылы июльдің 24 күні Волга бойындағы Саратов қаласында туды. Ол Саратов семинариясын, Петербург университетін бітірді. 1850 жылы бұрынғы оқып кеткен семинариясына сабақ беруге келді. 1853 жылы әдебиет пен искусство жөнінде жазған еңбектерін ғалымдар талқысына салу үшін Петербургке келді. Сол жылдары, Петербургте Пушкин мен Белинскийлер заманында халық қамы үшін үн баспаған «Современник» журналына қызметке кірді. Бұл кезде журналдың редакциясында атақты ақын Н. Некрасов, жазушы И. Тургенев қызмет істейтін. Көп ұзамай Чернышевский журнал жұмысына жас Н. Добролюбовты қатыстыра бастады.


Чернышевскийдің әдебиет пен искусство жөніндегі мақалалары, философия мен политэкономика жөніндегі еңбектері «Современник» журналына басылады. Атақты ғалымның ғылыми еңбектері мен саяси мақалалары жұртшылық пікірін аударып бастайды.

«Искусствоның ең ардақты, ең асыл міндеті — адам үшін өмірдің оқу құралы болу», дүниедегі сұлулықтың сарқылмас бұлағы — еңбектегі адамның өмірі, сондықтан да әдебиет пен искусство адам өмірін, оның қайғысы мен хасіретін, арманы мен мүддесін шындық тұрғыдан көркем сурет арқылы көрсете білетін болсын. «Орыстың әрбір ұлы адамының тарихи мәні, оның отанға сіңірген еңбегімен ғана өлшенеді.» Әр жазушы, әрбір ақыл иесі адам өз отаны мен қалың қайғыға дұшар болған орыс халқының жарқын болашағын жақындату үшін еңбек сіңіруі керек, деді Н. Г. Чернышевский.

Крепостнойлық правоның темір торында, ат төбеліндей помещиктердің құлдығында азап тартқан орыс шаруасын қанаушыларға қарсы күреске шақырды. Лондонда тұрып «Полярная Звезда» (Солтүстік жұлдызы), «Колокол» (Қоңрау) журналдарын шығарған А. И. Герценге жазған хатында: «Біздің халымыз мүшкіл, төзуге болмайды, бізді азат ететін балта ғана, орысты балтаға шақырыңыз!» деп жазды. 1861 жылы 19 февраль күні патша Александр II-нің крепостнойлық правоны «жою» жөніндегі жарлығы жарияланды. Чернышевский бұл реформаның орыс шаруасын құлдықта ұстауды бұрынғыдан да бетер бекіте түсетіндігін әшкерелеп бірнеше мақала жазды. Шаруалар көтерілісінің өрті тұтана бастады.

1862 жылғы июльдің 6 күні түнде қызмет үстінде отырған жерінен патша үкметінің қарақшылары Н. Г. Чернышевскийді Петропавловск крепостіне апарып түрмеге жапты. «Түлкіні босатпандар, Соликамск, Яренск сыяқты бір алыс жерге жіберіп, көзін жоғалтыңдар», деп шуласты бұқара халықтың жаулары.

Кінәсі мойнына қойылмай Чернышевский екі жылдай түрмеде отырды. Осы уақыттың ішінде ол «Не істеу керек?» дейтін әйгілі романын жазып достарына жет-




Н. Г. Чернышевский (1828—1889).

кізді. 1863 жылдың көктемінде романды Н. Некрасов «Современник» журналына басып шығарды.

1864 жылы майдың 19 күні Петербургтегі Мытной көшесіндегі алаңда Н. Г. Чернышевскийдің мойнына «мемлекет айыпкері» деген жазулы тақтай іліп, «заматтық арын дарға тарту» жазасын беретін мінбеге шығарды, ұлы адамды тізерлетіп қойып, төбесінің тұсынан қылыш сындырды. Николай Гаврилович тіл қатпады. Алаңға жыйналған халықтың көзіне жас алмағаны болмады. Қажырлы қайраткердің халық үшін көрген азапқа төзгендігіне сүйсінген жастар Чернышевскийге гүл жаудырып жатты. Солардың ішінен бір жас қыз ерекше көзге түсті. Ол Михаэлис еді (Абайдың досы Михаэлистің апасы).

1864 жылы 20 май күні ұлы адам Петербургтен Сибирьге аттандырылды. Сол жылдың күзінде тұтқын Қыйыр Сибирьдегі Нерчинск деген рудниктің түбіндегі түрмеге әкелінді. Осы түрмеде жеті жыл бойы азапты күндерді басынан өткізіп, Якутияның Вилюск деген жердегі түрмесіне қоныс аударды тұтқын. Бұл жерде 12 жыл бойы катал тәртіпті түрме тұрмысында болды. 19 жылдан кейін 1883 жылы әбден қажыған тұтқынды Россияның Европалық бөліміне қайтарды. Бұдан кейінгі 6 жылдық өмірін үй тұтқыны есебінде Астрахань қаласында өткізді.

Н. Г. Чернышевский түрмеде отырып ондаған кітап жазды. Бірақ олардың барлығы да жарық көрмей түрме бөлмесіндегі кішкене пештің ішінде күлге айналды.



Чернышевскийдің «азаматтық арын дарға тарту».

зушы қол жазбаларын отқа жағып, достарына сол шығармаларын жатқа айтатын. Чернышевскийдің түрмедегі еңбектерінен басылып шыққаны жалғыз ғана «Пролог» атты роман. Ол романды түрмедегі достарының бірі Муравский көшіріп алып, елге қайтқанда жасырып алып шығады да, Петербургқа келген бетінде жазушы Глеб Успенскийге береді. Успенский «Пролог» романын шет елде тұратын Лопатин деген революционер-

ге береді. Лопатин Лондонға барғанда, романын қолжазбасын орыс тілінде Карл Маркс оқып шығып, 1877 жылы Лондондағы орыс революционерлерінің типографиясында бастырып шығарады. «Чернышевскийдің саяси өлімі тек қана Россияның емес, барлық Еуропаның ғалімдер дүниесі үшін үлкен шығын» дейді К. Маркс.

Чернышевскийді түрмеден босатып алу жөнінде К. Маркс орыс революционерлері Лопатин мен Мышкинді жіберді. Бірақ бұл екеуінің де әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

Данышпан ғалым, ұлы жазушы 21 жылдық түрме азабынан, кейінгі 6 жылдық өмірінде көрнекті еңбек бере алмады. Біріншіден, ұзақ жылдық түрме тұрмысы денсаулығын нашарлатты, науқасы меңдей берді. Екіншіден, ширек ғасыр бойы отан өмірінен хабарсыз болды. «Ол сибирьде, арнасын өзгертіп кеткен өзеннен қашықта қалған кәрі жартас сыяқты тұрды. Алыстағы өзеннің жайдары толқыны сылқ-сылқ күледі, бірақ ол томсарып тұрған жалғыз жартастың төсін айналып сүймейді», деп жазды жазушы В. Г. Короленко, 1889 жылы Н. Г. Чернышевскиймен кездескендігін еске түсіріп. Үшіншіден, жаңа еңбек жазуға оған ешқандай мүмкіндік берілмеді.

1889 жылдың 27 июнь күні Николай Гаврилович патша үкметінің ұлықсатымен туған жері Саратов қаласына көшіп келді. Сол жылы октябрьдің 17 (29) не қараған түнде тамаша адам, данышпан ғалым, ұлы жазушы, революционер-демократ Н. Г. Чернышевский қайтыс болды.

Ұлы адамның өлімі бүкіл орыс халқының қайғысына айналды. «Данышпан азамат», «Бостандық үшін күрескен ұлы ұстазымыз», «Қымбатты досымыз»... деген қоштасу минутінің ардақты сөздері байтақ отанның түкпір-түкпірінде айтылып жатты.

Барлық өмірін халық бостандығы үшін күреске арнады Чернышевский. Сол жолда жауына бас иместен өтті. Ұлы революционердің арманы орындалды — дүниенің алтыдан бірінде, Россияда социалистік мемлекет орнады. Біздің көсемдеріміз Ленин мен Сталин Чернышевскийдің тарихта үлкен орны барлығын талай рет атап көрсетті. Чернышевский, оның «Не істеу керек?» атты романының геройы Рахметов біздің жастар үшін табандылықтың, төзімділіктің, әділдік үшін күресте алған беттен қайтпаушылықтың мәңгілік үлгісі болып қалады.

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

КӨЗІЛДІРІК

С. СЕНТОВ

Бәлкім, өзі өмірде
Керек шығар адамға.
Соның бірін дүкеннен
Әперсеніз маған да...

Қарады назбен немере
Атасының бетіне.
Түйді ол да — баланың
Тілегі не, ниеті не.

Күлдідағы жымыйып,
Деді: «Жақсы, карағым.
Бір сен үшін әдейі
Дүкенге ертең барамын.

Лайықты өзіңе
Көзілдірік табамын.
Тандап-тандап ішінен
Қолайлысын аламын».

... Қайтты атай дүкеннен,
Баладай мәз өзі де.
Үйреншікті жолдасы —
Көзілдірік көзінде.

— Шырағым, — деді қарт, — мұның
Талайына тап келдім.
Міне, соның өзіне
Лайығын ап келдім.

Көзілдірік біткеннің
Керегі саған дәл осы.
Көзін содан ашылар
Адамның бұ да жан досы.

... Колда Әліппе. Бала мәз.
Тілегіне жеткенге.
Қуанады: «Ең жақсы
Көзілдірік, — деп, — менде!»

Кешкітұрым. Үй маны.
Көлеңкеде отыр шал.
Көзілдірік көзінде.
Қолында бір кітап бар

Немересі келді де
Бір мезгілде қасына,
Атасына жабысты,
Иығына асыла.

— Ата, — дейді, — сіз осы
Кітапті тым сүйесіз.
Оны білем.

Неге ылғый —
Көзілдірік киесіз?

Оны киген адамның
Көруі әлде арта ма?
Әрпін әйнек үлкейтіп,
Көзді сонша тарта ма?

ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ И. В. МИЧУРИН

Темір ДАРҚАНБАЕВ.
Биология ғылымдарының кандидаты.



И. В. Мичурин

Иван Владимирович Мичурин 80 жасында (1935 жылы) дүниеден өтті. Ол өзінің ұзақ өмірінің көп уақытын патша үкметі тұсында өткізді. Ол теміржол конторында қызмет істеп, тапқан азғана қаржысына жеміс өсімдіктерінің әралуан түрлерін сатып алып, кішкене жеміс бағын жасады. Осы бағында (Тамбов облысы, Мичурин қаласы) Мичурин жеміс ағаштарын өсіріп, көптеген тәжірибелер жүргізді. Ол өз өмірінің 62 жылын осы жұмысқа сарп етті.

Мичурин өзінің алдына екі зор міндет қойды: Оның бірі — Орталық Ресейдің жеміс ағаштары түрлерін көбейтіп, жаңадан өнімі мол, сапалы жеміс өсімдіктерін қолдан жасап шығару болды. Осымен қатар екінші мақсаты — жылы жақта өсетін жеміс ағаштарын салқын ауалы солтүстікке апарып өсіру әдісін таппақ еді. Оңтүстік жылы жерлердің нәзік жеміс өсімдіктері, суық жақта өсе алмай үсіп кететіні әлемге мәлім. Міне, осы суыққа төзімсіз, нәзік жеміс ағаштарын Мичурин солтүстіктегі суық жерлерге өсіруді талап етті.

Мичурин алдына қойған осы орасан зор мақсаттарды ойдағыдай орындап шықты. Бірақ бұл мақсаттарды орындау жолында, ол көп қыыншылықтар көрді. Патша үкметі Мичуринге ешқандай көмек тигізбеді, қаражат бермеді. Ол кездегі ғалымдар Мичуринді қолдамады, оның еңбектерін дұрыс бағаламады, кейде оны келекеге айналдырды.

Осыншама қыыншылықтарға қарамастан, қажымастан Мичурин өзінің сүйген еңбегін үздіксіз жүргізумен болды. Мичуриннің бақыты тек Совет үкметі орнағаннан, Октябрь революциясынан кейін ғана ашылды. Мичурин өзінің патша үкметі тұсындағы өмірі туралы былай деп жазды: «Мен 35 жыл ұдайы жоқшылыққа көніп, алақандай жерге сарылып еңбек еттім. 35 жыл еңбегімнің арқасында жеміс өсімдіктерінің бағалы бірнеше түрлерін шығарғанымнан кейін не көрдім? Ешнәрседе — жұртшылықтың да онша назары болмады, үкімет одан да бетер болды», — дейді.

Совет үкметі орнаған соң Лениннің

тапсыруымен, Мичуриннің еңбектеріне қатты көңіл бөлінді. Мичуриннің жеміс питомнигі үкмет қарамағына алынды, көп қаржы, көмекші қызметкерлер берілді. Бұрынғы 9 гектар жердің орнына, 3500 гектар жер бөлініп берілді. Сөйтіп Мичуриннің патша үкметі тұсындағы кішкентай жеміс бағы, Совет үкметі арқасында үлкен ғылыми зерттеу институтына айналды.

Мичуриннің шығарған жеміс ағаштары, жидек жемістері бүкіл Совет Одағына тарап, көп жерлерде өсіріле бастады. Мичурин шығарған жүзімдер суықтан қорықпайтын болды. Олар бұрын жүзім өсірілмеген жері салқын Смоленскі, Калинин облыстарына апарылып өсірілді. Жылылықты сүйетін өрік (абрикосы) Украина, Воронеж, Тамбов облыстарына егілетін болды. Мичурин шығарған алманың жаңа түрлері Москва, Ленинград, Свердлов, Молотов тағы басқа облыстарға тарады.

Мичуриннің атағы, оның шығарған жеміс ағаштарының даңқы әлемге жайылды. Мичуринді көруге шетел оқымыстылары да таңсық болды. Оның шығарған жеміс өсімдіктерін шетелдер де суратып алып жатты.

Ұлы Отан соғысының алдында тек қана РСФСРдың өзінде Мичурин шығарған жеміс түрлері 35 мың гектар жерге егілді. Украинада оның саны жарты миллионға жетті. Мичуриннің алмалары орталық және солтүстік Қазақстанда, Алтай мен Кавказ тауларында үлкен өріс алды. Қазақстанда Мичуриннің жолын қуып, оның әдісін қолданып жеміс ағаштарының жаңа түрлерін шығарып жүрген адамдар аз емес. Көптеген пионерлеріміз ұлы ғалым — Мичуриннің қалдырған өсиеттерін орындап, оның әдістерін үйренуде.

Мичурин өте-өте балаларды, жастарды жақсы көретін. Пионер, комсомолецтермен үздіксіз хат жазысып тұрды. Мичурин өзінің бір хатында былай деп жазды: «Менің жас достарым! Қазір біз сондай дәуірде өмір сүреміз, бұл уақытта адамның ең жоғарғы міндеті — табиғатты тек танып қою емес, оны өзгертіп, жақсылау

керек, қызғылықты етіп, адамның керегін молырақ өтейтін етуіміз керек»

Мичурин өз халқын қатты сүйді. Ол колхозшыларға жазған бір хатында былай дейді: «Менің шығарған сорттарым көп тарайтынына және еңбекшілерге зор көмек ететініне мен қатты сенемін, менің табыстарыммен қатар жеміс шаруашылығын аяқтандыруда қолданған әдісімнің бәрінде еңбекшілердің ақыл-ойына қонады деп сенемін».

Мичуриннің атақты істері мен оның идеясы біздің Совет елінде шексіз гүлденуде, өйткені оның еңбектері Дарвин ғылымына негізделген.

Мичурин Дарвин ғылымын сол қалпында қоданып қана қойған жоқ, Оған өзі де көп жаңалықтар енгізді. Мичурин шығарған жеміс өсімдіктері табиғатта бұрынды-соңды болмаған, олар адамның қолынан жасалған тамаша табыстар деп білуіміз керек.

Мичурин біздің ұлы отанымыздың байтақ жерін гүлденген бау-бақша бағына айналдыруды мақсат етті. «...Оның үшін біз табиғаттан қайырымдылық күте алмаймыз, табиғаттан оны тартып алу — біздің міндетіміз», деген.

Ұлы ғалым, табиғат зерттеуші Мичуриннің осы өсиеттерін орындау — болашақтың қожасы жасөспірімдердің, пионерлердің міндеті.





Жоғары дәрежелі мектептер советінің лагерінде. Бұл лагерь «Кіші Алматы» өзенінің жарасында орналасқан. Суретте: Лагерь балаларының таңертең өзенге келіп, жұмыс істеген кезі.



Алатаудың аясында, сарқырап аққан Қазачка өзенінің жағасында, қалың орман, ну тоғайдың арасында ақ шатырлы әсем лагерь тұр. Лагерьдің екі жағы адырлы асу, биік бел, ол лагерьден әрі қарай үздіксіз өрлеп биіктей береді. Қазір лагерь маңы кемеліне келіп құлпырып, құбылып тұр. Жасыл жапрақтан желек жамылған адырлы асу, биік бел, неше алуан гүлдерге бөленген. Ақ, көк, сары, қызыл гүлдер күн сәулесімен шағылысып, масаты кілемнің түріндей құлпырады. Алматы қаласының Орталау мектептер одағы Орталық Комитеті қызметкерлерінің екі жүзге жуық қызбалары қазір осы лагерьде дем алып жатыр.

Міне, тау іші біртіндеп жарық тартып келеді. Таң жаршысы — боз торғай тамылжыта тамаша әнге басты. Кұрт-кұмырсқа, бақа-шаян, шырылдауық шегірткелер де ұйықдан оянды. Алатаудың қарлы шыңдарынан жанға жайлы самал есті. Бұл — таң самалы.


Таңертеңгі сағат 6. Таңғы тынық таза ауа алаң ортасына қатарлана тігілген шағаладай ақ шатырларды рахат құшағына бөлеп, тербеп тұр.

Сағат жетіде тартылған горниның зор даусы лагерьді ұйықдан оятты. Пионерлер төсектерінен тұрып, көйлек-дамбалшаң лагерь ортасындағы ашық алғанға жыйналды. Олар әбден шыныққан. Күнге тотығып күрес тартқан бұлшық еттері құрыштай берік.

Міне барлығы сап түзеп, қатарға тұра бастады, олар таңертеңгі дене қыймылын ойнап жатыр. Балғын денелері тал шыбықтай майысып, жібектей шыйратылып, ұршықтай иірледі.

Таңертеңгі денеқыймылы аяқталысымен пионерлер шатырларына тарап, төсек орындарын жыйнады. Олар өзенге, тастан-тасқа секіріп, көбік атып, тасып ағып жатқан тау суына барып жуынды.

Бүгін бірінші отрядтың пионерлері аға пионер вожа-



Алматы қалалық оқу бөлімі лагерінде 1-отряд советінің председателі Мия Бард аға пионер вожатый И. Д. Скурихинаға рапорт беріп тұр.

У АЯСЫНДА



тыйы И. Д. Скурихинаның басқаруымен Мохнатная биігіне саяхатқа барады. Сондықтан олар екі мезгіл жейтін тамақтарын алды. Кішкене күрек, балта, шоттармен қаруланды, қағаз, қарындаш алды. Олар жол-жөнекей түрлі өсімдіктер мен ұсақ жәндіктер және түрліше тау жыныстарынан коллекция жыйнайды, жүрген жерлерін картаға түсіреді, қызықты альбом жасайды, көрген-білгендерін күнделік дәптерлеріне түсіреді.

Екінші және үшінші отрядтың пионерлері Монах үңгіріне аттанады. Монах үңгірі өте қалың тоғайлы жер. Үлкен-үлкен үңгірлері де бар. Екі отрядтың пионерлері бүгін мұнда лагерьдің физкультура-спорт жөніндегі жетекшісінің басқаруымен әскери-спорт ойындарын ойнайды.

Лагерьде түстен кейін үйірме жұмыстары басталады. Әдебиет үйірмесінің мүшелері «Жас гвардия», «Полк баласы», «Дерсу Узала», «Менің мектептерім», «Күн қоймасы», «Балалық шақ» атты кітаптарды оқыйды. Өзара пікір алысады. Кейде мұндай кітаптарды ұйымдасқан түрде оқыйды.

Акробатика, санитарлық және басқа үйірмелер де жұмысты жақсы істейді, қызықты ойындар өткізеді, жорықтарға шығады. Лагерьдің өз чемпиондары да бар. 82 мектептің оқушысы Тома Қазлитина — дружинаның акробатика жөніндегі чемпионы. Лагерьде Люся Загубина, Клара Көбсенова, Неля Прилепова сыяқты санитарлық жұмысты жақсы меңгерген пионерлер де бар.

Лагерьдің күні қызықты, мазмұнды өтеді. Тек күн батып, қас қарайғанда ғана лагерь тынық түннің құшағына кіріп, тәтті ұйқыға кетеді.

Б. ИСКАКОВ, П. РЕДЬКО.



Жоғары дәрежелі мектептер советінің лагерьінде. Пионерлер Эмига Құрманов, Леня Завгородный және Аман Сейфуллин өлке тану саяхатына шығып, тау өсімдіктерінің көптеген түрін жыйнап әкелді, олар оны сұрыптап жатыр.



Алматы қалалық оқу бөлімі лагерьінде. Бұл лагерьде ән-күй, би, әдебиет, көркемөнер және акробатика үйірмелері жұмыс істейді. Суретте: акробатика үйірмесінің мүшесі Тома Қазлитина «Қарлығаш» ойынын орындап тұр.

Түймедейден түйедей



КӨНІЛДІ ӘНГІМЕ

Суреттерін салған В. МИНКОВ

С. ШАТРОВ

Бір күні мектептен келе жатқанда Еркін Еркебаев Әлім Сәлімовтан:

— Кейбіреу өтірік айтсаңда, орнымен айт, дейді. Сен осыны қалай түсінесің, өтіріктің орындысы бола ма екен? — деп сұрады.

— Әрине, болады, — деді Әлім.

— Болса, орынды өтірік деп қандай өтірікті айтпақпыз?

— Өтіріктің түймедей — кішкентайы да, түйеден — дәуі де болады. Әрине, түймедейі орындысы болатын шығар.

— Жоқ, менімше, өтіріктің ешқандай да үлкен-кішісі жоқ, өтіріктің — бәрі бір өтірік. Түймедейдің түйедей боп кетуі ғажап емес.

— Е, сенің білмейтінін бар деймісің! — деді Әлім кекетіп.

Осымен сөз бітіп екі дос үйді-үйіне кетті.

Әлімді есік көзінде апасы қарсы алды.

— Қайыр Қазықенов келіп еді, жаңа ғана кетті. Саған бір кітап беріп кетті, сәлем айтыңыз, деді.

Әлім жұлып алғандай:

— Ол мені неліктен тоса тұрмады екен? — деді.

— Қайыр үйіне асығып бара жатқан көрінеді. Арифметикадан бестік алыпты, соны әке-шешеме айтып, қуантамын, деп кетті.

— Туу, мықтаған екен! — деді Әлім, аузын томпайтып. — Одан өзге кісі бестік алмаған шығар.

— Е, Әлімжан, сен де бүгін бестік алдың ба? Қай пәннен? — деді Салиха жеңгей қуанған пішінмен.

— Орыс тілінен, ауызшасынан, — деді Әлім күмілжіп.

— Несі бар, жақсы болған, құттықтаймын, құлыным! — деп апасы Әлімнің маңдайынан сүйді.

Әлім сәл қолайсызданғандай болды. Ақыйқатында ол бүгін орыс тілінің ауызшасынан төрт алған еді, жай ғана төрт емес, төрттің жанында қосу белгісі де бар болатын.

«Жалған айтқандай жаным не қысым туды? — деп ойлады ол ішінен. — Бірақ, өкінудің хажеті жоқ. Айттылар сөз айтылды...»

Кешке төсекте жатып Әлім күндізгі шешесіне айтқан сөзін есіне түсірді. Ақыры, ол өзін-өзі былай деп жұбатты: Өтіріктің түйедейі де, түймедейі де болады ғой. Төрт жарым мен бестің қандай айырмашылығы бар? Жоққа тән. Ендеше менің өтірігім де — жоққа тән. Түймедей өтірікті ешкім байқамас та.

Осы оймен жатып ол ұйықтап кетті.

Бір Жұмадан кейін Әлім Сәлімов табелін алды. Расында да оның табелі жаман табель емес еді. Ішінде кілең бестік, тек орыс тілінің ауызшасынан ғана төрттік баға қойылған. Төрттің қасында қосу белгісі әлі еріп жүр. Бірақ, осы төрттік Әлімді қатты қапаландырды. Табеліне қараса, әлгі төрттік көзіне найзаша қадалады. Кілең бестіктің ортасындағы жалғыз төрттік жапан түзде оқшау өскен ағаш секілді Табелге үңіле қараған адамның көзіне ол қалай түспесін!

Апасы одан табелін қайда деп сұрағанда, ол недерін білмей жаман қысылды.

Ақыры:

— Бізге табелімізді әлі берген жоқ, — дей салды.

— Неге?

Әлім бұдан бір жұма бұрынғысынан да бетер қып-қызыл боп кетті.

— Мұғалимамыз сырқаттанып қалыпты, — деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды білем.

— Жәмила Жәлеловна ма? О кісіге не боқты?

— Көшеде келе жатып... жүріп келе жатып... тайып кетіп қолын шығарып алыпты...

— Апырай, қолайсыз болған екен.

— Ие, қолайсыз-ақ болып тұр, — деді Әлім міңгірлеп. Келесі күні ол табелін Жәмила Жәлеловнаға қайтарып берді.

— Табелге апаңа қол қойдыруды ұмытып кетіпсің ғой, — деді мұғалима.

Әлім сәл қызарыңқырады да:

— Біздің үйде... бір қолайсыз жағдай боп қалғаны, — деді.

— Не боп қалды? — деді іле-шала Жәмила Жәлеловна.

— Апаң көшеде келе жатқанда, тайып жығылып қолын шығарып алғаны.

— Шынында жайсыз болған екен. Қазір халі қалай?

— Түрегеп жүр, бірақ жұмыс істеп, жазу жаза алмайды.

Жәмила Жәлеловна басын изеп аянышты ишарат білдірді. Әлім бетінен оты шығып, қып-қызыл боп орнына отыра кетті.

«Ойпырау, бұл қалай болғаны? Түймедей өтірік түйедей болмаса да, бұзаудай боп қалды-ау» — деп ойлады ол.

Арада бірнеше күн өтті. Жәмила Жәлеловна сабақ арасындағы үзіліс кезінде пионерлерге:

— Балалар, Әлімнің апасы мертігіп жатқанына бірнеше күн болды. Ешқайсың көңілін сұрап бармапсыңдар. Бұл жарамайды. Әлім қазір жалғыздық, үйіне барып апасының көңілін сұрап, қолқабыстарыңды тигізіндер, — деді.

Төбесіне суық су құйып жібергендей, Әлімнің тұла бойы мұздап кетті. Ол өзінің достарын жақсы білетін еді. Олар кісіге жаны ашығыш, кішіпейіл балалар еді. Олар бүгін-ақ мұның үйіне баратыны сөзсіз.

Келесі сабақта Әлім мұғалимнің сөзіне құлақ қойған жоқ, — өзімен өзі әлек болды. Жолдастарын бүгін үйіне келтірмеудің жолын іздеді. Бірақ таба алмады.

Үйге келген соң апасы одан:

— Мұғалималарың тәуір болды ма? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді Әлім жақтыртпаған пішінмен.

— Барып Жәмила Жәлеловнаның көңілін сұрап шығуың тиіс еді, балам. Айтпақшы, мен өзім де барғалы отыр едім, жүр бірге барайық.

— О кісі қазір үйінде емес, қаланың сыртындағы бір ауруханаға алып кетіпті, — деп жалтарды Әлім.

Сол кезде біреу есік қақты.

«Солар-ақ болар» — деп ойлап, Әлім есікке қарай тұра ұмтылды. Есікті ақырын ғана ашып тұрып, сыбырлап:

— Дыбырламаңдар... Еркін, қазір кіруге болмайды. Апама дәргер келіп отыр. Біреу емес, бірнешеу... Кіруге ұлықсат етпейді, — деді.

— Жарайды онда, — деді Еркін, — сен қыйналмай-ақ қой. Біз ертең-ақ келерміз.

— Бүрсікүні де келеміз, — деді Мұрат.

— Біз күн сайын келіп тұрамыз, қолқабысымызды сенен аямаймыз, — деді Болат.

Әлім есікті жауып төргі үйге келді.

— Ол кім келген — деп сұрады шешесі.

— Еркін Еркебаев.

— Неге үйге кірмей, сырттан кетті?

— Ботинкасы жыртылып қайты...

— Е, ботинкасы жыртық кісі үйге кірмейме екен?

— Ботинкасының ішіне қар толып кетіпті. Қар еріп, еденді былғап тастар деп именді ол.

— Бекер еткен екенсің, балам, жолдасыңды үйге кіргізуің керек еді.

Кешке төсекте жатып Әлім тағы да ойға қалды. «Бұл қалай? Өтірігім барған сайын өрбip барады. Түу баста түймедей-ақ секілді еді, қазір түйедей болмаса да, аттай боп қалған шығар».

Ол түсінде айыр өркешті, шудасы желкілдеген үлкен кара түйе көрді. Түйеден қорқып, ол шошып оянып кетті.

Сабақ басталар алдында Жәмила Жәлеловна Әлімнен:

— Кешегі дәргерлер не деп кетті? — деп сұрады.

— Білмеймін... деп Әлім күңк етті.


— Мен бүгін апаңның көңілін сұрай барамын. Кейіме, ешнәрсе етпейді, жазылады, — деп Жәмила Жәлеловна оны жұбата бастады.

— Апам... апам үйде жоқ, қала сыртына ауруханаға алып кетті, — деді Әлім. Даусы қалтырап шықты.

— Кейіме дедім ғой, Әлім, — деп Жәмила Жәлеловна оны басынан сыйпады. Апаң жазылады. Мен бүгін апаң жатқан ауруханаға барып қайтамын, барсаң жүр, бірге барайық...

Әлім мұғалимасының қайырымдылығы үшін рахмет айтты да, әрең сүйретіліп орнына кеп отырды. Ол жаман қыйналды. Өзіне айтпаған лағнат сөзі қалмады. Не істерін де білмеді. Кенеттен басына бір жақсы ой сап ете түсті. Көңілі жай тауып, қуқыл тартып бозарған бетіне қан жүгірді.

«Япырау, ту баста бұл ой менің басыма неліктен



келмеді екен?» — деп өкінді ол енді... Асыға тосқан қонырау даусы да естілді.

...Әлім оңаша отырып өзінің бұл күндері басынан кешірген көңілсіз әңгімесін бастан аяқ айтып болғанда Жәмила Жәлеловна:

— Осы әңгіменді жолдастарыңның алдында бұлжытпастан айтып беруге батылың бара ма — деді.

— Айтамын, — деді Әлім көз жанарында қуаныштың оты ойнап. Әлім қоян жүрек қорқақ бала емес еді!

Ол бір сөзін де бүкпестен, болған істі болған қалпында жолдастарына баян етті. Жанын жеген жалған сөз енді одан аулақ. Мойнынан зіл кара тас түскендей.

Көзді ашып жұмғанша түйедей бола кететін түймедей жат мінезден ол енді қатты сақтанатындығын, өтіріктің ешбір орындысы жоқ, өтіріктің аты — өтірік екеніне көзі әбден жеткенін — айтпаса да болады.





Мақта қыз бен мысық



ЕРТЕГ

Ы. АЛТЫНСАРИН

Суреттерін салған В. НЕСТЕРОВ

Балалар! Сендер ертегіні сондай жақсы көресіңдер. Ертегі жай сөзбен де, өлеңмен де айтылады. Осындай қызықты әңгімені, өлеңдерді халық өзі шығарады, атақты ақын-жазушылары шығарады.

Қазақша ертегілердің бір талайын өздерің де естіген шығарыңдар, жаттап та алған боларсыңдар. Дәл солардай қызықты әңгіме мен өлеңдер шығарған ақын-жазушыларымыздың бірі Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай мұнан жүз жылдай бұрын туып, оның өлгеніне келер жылы 60 жыл толады.

Ол балаларды жанындай сүйіп, оларға арнап қазақ тілінде тұңғыш кітап шығарған адам. Балаларға ата-анасын, жер-суын, отанын қалай сүйеді өлеңмен жырлап үйреткен. Өзінің заманында еңбекші халықты езген бай, төре, молдалардың істеген зорлықтарын айтқан.

Оларға қарсы күресу үшін, бостандық алу үшін, оқып білім алуға шақырған. Мектептер ашып, өзі мұғалім болып сабақ оқытқан. Оның жазғандарының ішінен біз «Мақта қыз бен мысық» деген әңгімесін басып отырмыз.

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жыйнап жүріп, бір мейіз тауып алады. Мақта қыз мысықты шақырады. Мысық келмейді. Шақырады, келмейді. Сонсоң «келмесең кой» деп өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

— Неге шақырдың? — деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды; сонсоң мысық: — Ендеше қатығыңды төгем, — дейді. Мақта:

— Мен құйрығыңды кесіп аламын, — дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:

— «Апа, апа құйрығымды берші!» дейді.

Мақта қыз: — Менің қатығымды төле, — дейді. Мысық сыйырға барады:

— Сыйыр, сыйыр, маған қатық берші, — дейді. Сыйыр айтады:



— Менің қарным ашып тұр, маған жапрақ әкеліп берші, — дейді.

Мысық ағашқа барып:

— Ағаш, ағаш, жапрағыңды берші, дейді.

Ағаш айтады: — Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең жапрақ беремін, — дейді.

Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп:

— Қыздар, қыздар, маған су беріңдерші, — дейді. Қыздар:

— Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, — дейді.

Мысық дүкенге барады:

— Әй дүкенші, маған сағыз берші дейді.

Дүкенші:

— Маған тұқым бер, — дейді. Мысық тауыққа барады:

— Тауық, тауық, маған тұқым берші, — дейді. Тауықтар айтады:

— Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз, — дейді.

Мысық «енді не қыламын» деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып:


— Жаныңның барында айт, үйіңде не бар, — дейді. Тышқан қорыққанынан:

— Үйімде бір батпан тарым бар, дейді.

Мысық айтады:

— Маған бір уыс тары бер, — дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді. Тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді. Сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді. Суды апарып ағашқа береді, ағаш жапрағын береді. Жапрақты апарып сыйырға береді, сыйыр қатық береді. Қатықты апарып, Мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді. Сөйтіп мысық мұрадына жетеді.



БІЛІМДІ СОВЕТ МАМАНЫ БОЛ

«Білім — инемен құдық қазғандай». Білім—мектепте. Сіздер он жыл оқып, орта мектепті бітірдіңіздер. Осы уақыттың ішінде алфавиттің алғашқы әрпінің таңбасы мен дыбысын үйренуден бастап, сан салалы ғылымның талай заңдарымен таныстыңыздар. Ғылымның оңайы жоқ екендігіне көздеріңіз жетті. Ғылымның әр саласы—асыл қазынаны тереңінде сақтаған асқар тау сыяқты. Шынары қарлы, шыңына бұлт шөккен, күз жартасты, жотасын сыңсыған орман жайлаған асқар таудың қойнындағы асыл қазнаны алып, халық игілігіне жарату кімді кұмартпайды!? Бірақ сол асылды алып таудың жонын жарып, қабырғасын сөгіп, күз жартасын құлатып, қойнауын қопарып қолы жеткен ғана алады. Ол үшін тозбас төзім, қажымас қайрат, селт еткізбес сенім әрбір талапты жастың бойындағы хасиетіне айналуды хажет.

«Ғылымда даңғыл жол жоқ, оның жарқын шындарына қажудан қауыптенбей, көмескі тасты жолымен әрмелеген ғана шыға алады», дейді атақты ғалым Карл Маркс. Орта мектептің табалдырығынан аттап, жоғарғы дәрежелі білім аламын, өзімді советтік озат ғылымның бір саласын терең зерттеуге арнаймын деушілер данышпан Маркстің тамаша ескертуін есте ұстауы жөн.

Біздің социалистік отанымыздың халық шаруашылығының барлық саласы алдыңғы қатарлы техниканың, совет ғылымының табыстарын сарқа пайдалану нәтижесінде күш санап өркендеп отыр. Халқымыздың әл-ау-

қаты жақсаруға байланысты мәдениеті өсіп рухани тілегі артып отыр. Біздің елімізге ғылымның әр саласынан толық мамандығы бар мәдениетті адамдар керек, «Істің тетігін кадр шешеді» деген көсеміміз. Сталин жолдастың нұсқауы — большевиктер партиясы мен совет мемлекетінің бүгінгі таңдағы ұранының маңыздыларының бірі.

Сондықтан да біз, журналымыздың орта және жеті жылдық мектепті бітіретін оқушыларына — өзінді ғылымға арна, білімді маман бол, жоғары дәрежелі мектептер мен техникумдарға түсіп оқы дейміз. Адам жанының инженері — мұғалім бол. Адам өмірі үшін күресетін, өлімге қарсы тұрарлықтай біліммен қаруланған дәрігер бол. Қолхоз бен совхоз даласында табиғат құбылысына табынбай, бітік егіп өсірерлік агроном бол. Халық пен мемлекет мүддесіне залал келтіретіндердің әділ жазасын берерлік заң қызметкері бол. Озат техниканың тілін білетін, сараң табиғаттың сырын ашып, байлығын халық игілігіне айналдыратын инженер бол. Мамандықтың бұлардан басқанда түрлері көп. Қай мамандықты сүйсең — сол мамандықты беретін мектепке түсіп оқы. Елімізде, республикамызда сан түрлі мамандар даярлайтын орта және жоғары дәрежелі мектептердің саны жеткілікті.

Жастардың отан алдындағы борышының бірі — «оқу, оқу және оқу». Бұл Ленин сөзі. Быйыл орта және жеті жылдық мектепті бітіретін оқушыларымызды осы бөрышты ақырына шейін ақтап шығуға шақырамыз.

О Л А Р О Р Т А М Е К Т Е П Т І Б І Т І Р Д І




Атабек Арыстанов — Алматыдағы 18-ербалалар қазақ орта мектебін отлучно бітіріп шықты. Енді ол Москвадағы Энергетикалық институтқа оқуға барады.



Гүлшария Қозайдарова — Алматыдағы 12-қызбалалар мектебін отлучно бітіріп шықты. Енді ол Ленинградтағы Мемлекеттік университеттің көркемөнер факультетіне оқуға барады.




Абдразақ Үсенов — Алматыдағы 18-ербалалар мектебін отлучно бітіріп шықты. Енді ол Алматыдағы Кен — металлургия институтына оқуға түседі.



ПИОНЕРЛЕР ЖЕҢІШІКТІ

Жақында «Новый путь» колхозында волейбол ойынының жарысы болып өтті. Жарыста МТС командасы мен пионерлер командасы ойнады. Ойын басталар алдында МТС командасы өздерінің бұл матчта сөзсіз жеңіп шығатындықтарына күмәндабады. Олар пионерлер командасына менсінбей қарады, тіпті олармен ойнауға арланды да. Өйткені олар: «Бұлар бала ғой, ал біз болсақ үлкенбіз, күшіміз де бар, қолымыз да ұзын, тіпті бойымызбен бассақ та, бірдене қылмаймыз ба?» деп ойлады. Ойынды көруге келушілердің де көпшілігі осы ойда болып еді. Олар тіпті пионерлердің «әлін білмей әлек болып», үлкендермен ойынға түскеніне күліп те алды.

Бірақ ойынның барысы бұлардың ойын бекерге шығарды. Ол былай болды: Матч судьясы ойынды бастауға белгі берді. Сырты қалың былғарымен тысталған резинка доп аспанға оқтай атылды, ол қолдан қолға көшті. МТС командасының күткен «оңай жеңісі» болмай шықты, допты орталарына түсіріп алды. Ойынның есебі 1 : 0 болып пионерлер командасының пайдасымен ашылды. Бірақ МТС командасы бұл жеңілісті мойындамады, допты орталарына түсіріп алуды — кездей соқтық деп санады. Ойын әлі алда. Олар өш алу



үшін ойынға қызу кірісті. Бірақ пионерлер де қарсылықты күшейте түсті. Доп екі команданың арасында безек қақты. Міне, ол тағы да МТС командасының ортасына келіп түсті. Сөйтіп доп қайта-қайта олардың ортасына түсе берді. Пионер Қаппар Тасболатов 15—допты, яғни ақырғы допты ұрып, МТС командасының алаңына түсіріп, ойынды бітірді. Жыйналған жұрт жеңген пионерлер командасына хұрмет көрсетіп, қатты қол шапалақтады.

МТС командасының капитаны В. Сидорчук:

— Біздің волейбол ойнап, жаттығатын жеріміз жоқ, сондықтан да жеңіліп қалдық, ал пионерлердің өз спорт алаңы бар және олар күнде волейбол ойнап жаттығады, — деді.

Сидорчуктің сөзі рас еді. Жас жамбылдықтар көктемнің алғашқы күндерінен бастап-ақ мектеп жаны-

нан спорт алаңын жасауға кіріскен болатын. Бұл жөнінде олар «Советский спорт» пен «Пионерская правда» газеттеріне басылып шыққан спорт алаңдары сызықтарын пайдаланған. Осы өздері жасаған спорт алаңдарында олар үнемі жаттығу ісін жүргізетін, футбол, волейбол, баскетбол ойнайтын, жүгіретін, секіретін, өзара спорт жарыстарын өткізетін, осы үздіксіз жаттығудың нәтижесі МТС командасымен болған матчта оларды жеңіске жеткізді. Жеңімпаз жас жамбылдықтардың атағы бүкіл ауданға, облысқа, республикаға жайылды. «Советский спорт» газеті өзінің бетіне жас жамбылдықтардың жеңісі туралы хабарды жариялап, олардың аттарын бүкіл Отанымызға таратты.

П. АРҚАДЬЕВ.

Жамбыл облысы, Мерке ауданы, «Новый путь» колхозы.

КОЛҚАБЫС

1. САБАҚ БІТКЕННЕН СОҢ

Жаз келді. Ол мың құлпырған көкорай шалғынын, мамықтай майда самал желін, шешек атқан нәзік әсем гүлдерін ала келді. Мөлдір бұлақтар мұз құрсауынан босанып, сынаптай сырғып ақты. Әнші бұлбұл гүл басына қонып алып, дүниені ұйыта керемет ән шырқады. Жанды-жансыз тапжылмай сүйсіне тыңдады. Ең аяғы қара тас та қабақ ашып жадырап тебіренгендей болды.

Дүниені нұрға бөлеген осындай жаз айының бір әдемі күнінде Аман мектептен үйіне қарай бет алды. Жүзінен аңсап күткен арманына жеткендей шаттық нышаны сезіледі. Оңаша шеткі көшелердің бірімен ойлана жай басып келеді.

«Жаз келді. Сабақ бітті», деді ішінен ол. «Барлық пәннен «өте жақсы» деген баға алдым. V-класқа көштім.

Ал, жазғы демалыста не істеу керек? Жату керек пе? Жоқ. Жұмыс істеу керек. Колхозға барып қолқабыс тигізу керек.

Аманның колхозға көмектескісі келді. Жаз келді деп жайғасып жатып алғысы келмеді оның. Ол осы ойда келе жатып, үйіне келгенін де аңғармай қалды.

2. ҚОЛХОЗ ПРЕДСЕДАТЕЛІ АЛДЫНДА

Аман 4—5 күннен соң «Социалистік Қазақстан» колхозына келді. Колхоз председателі оған: «Сен жассың, Жұмыс істей алмайсың» деп тұжырып айтты.

Аман шынында да жас еді. Оның үстіне денесі нәзік, талдырмаш еді. Бұл оны өте жас өтіп көрсететін.

— Сіз қалайша мені жұмыс істей алмайды дейсіз? — деді ол кейіп. Осыны айтқанда түсін суытып, қабағын жауып тұрды. Мен бәрін де іс-

тей аламын. Үйімде жүргенде төл күткенмін. Қысты күні оларға су да әкеп бергенмін, шөп те салғанмын, ал жазда далаға жайғанмын. Мен бәрін де істей аламын, — деді ол тағы да қайталап.

Аман қайсар болатын. Ойындарысын кімге болса да ашып айтатын. Бірақ ол өте тәртіпті еді. Мұғалімдер мен үлкендердің сөзін екі қылмайтын. Мұны қорыққандығынан емес, сыйлағандығынан істейтін.

Ол колхоз председателін сыйлады. Бірақ оның сөзін көңіліне алып қалды. «Жұмыс істей алмайсың» дейді. Қорлық емес пе! Мен төл асырадым ғой. Бұл жұмыс емес пе? деп қынжылды ол ішінен.

— Мен бәрін де істей аламын, — деді ол тағы да ашуланып, беті қыпқызыл боп дуылдап кетті. Жасаураған көзін председателге қадап жарқ-жүрқ еткізді.

— Жарайсың, бала, жарайсың! — деді председатель Аманды арқаға қа-

ғып. — Сен бәрін де істей аласың. Тек сен ашуланба, енді бұзау бағасың.

Аман қуанып кетті. Енді ол бұзау бақпақ. Колхозға көмектеседі. Елге пайда келтіреді. Неткен бақыт десеңші!

3. БАҚТАШЫ БАЛА

Аман жүз шамалы бұзауды қарауына алды. Ол бұрын мұндай көп малды бақпағанмен, өзі айтқандай, үйінің төлдерін асыраған. Олардың асты-үстіне түсіп, үнемі мәпелеп күтіп жүретін.

Ол бұзауларды күнде өргізіп, суы мол, оты қалың жерлерге әкеп тұрды. Мөлдір судың жағасында, көк орай шалғының арасында бұзаулар еркімен сайрандап, әбден тойған соң түс мезгілінде ауылға қарай шұбырады.

Аман түс ауа бұзауларды тағы өргізіп, кешке жақын алып келіп тұрды.

Алғашқы күндерде ферма бастығы оның артынан бақылап жүрді. «Жас бала осыңша бұзауларды бағала қояр ма екен? Бағалмаса босату керек», деп ойлады ол. Бірақ Аман мал көрген бала ғой, бұл жұмысты менгеріп кетті. Бұзауларды ысылған байырғы бақташыларша бақты. Көп кешікпей колхозшылар оны «бақташы бала» деп атап кетті. Аман бұл атаққа арланған жоқ. Өйткені мал бағу — біздің елде ұят емес, қайта атақ-аброй әперетін іс. Мұны Аман жақсы білетін.

Міне, Аман әдеттегідей ерте тұрды, бұзауларды өргізді. Бұзаулар бір қалың шалғынға кеп тоқтай қалды.

Аласалау дөңнің түбінен басталған мөлдір таза бұлақ барар жерінен кеш қалғандай, асыға ағып жатыр. Жағасындағы қызылды-жасылды әдемі гүлдер жұпар иісін шашып тұр. Көк балауса еркіне тиген бұзаулар жапа тармағай қаптап жапыра жеп жатыр.

Аман тайын тұсады да, жайылып жатқан бұзауларға көз алмастан ұзап барып қарап тұрды. Ол әр бұзаудың түсін жаттап, ат қоя бастады. Ең



алда іжайылып жүрген үлкен алаңы «Көсем ала», орта тұстағы аласа, толық қоңырды «Тайпақ қоңыр» деп, тағы да бірнеше бұзауларды осы сыйды аттармен атады.

Түс кезінде «Көсем ала» ауылға қарай бет бұрды. Оның артынан барлық бұзаулар шұбырды. Аман артта қалған жасаң бұзауларды көп бұзауларға қосты. «Көсем ала» бастаған бұзаулар жіңішке, тақыр соқпақтың үстінде сирек, жеңіл ғана шаң көтерді.

Кешке Аман сыйыршы қартпен бірге ауыл жанындағы дөңге шықты.

Батып бара жатқан күн алтын буындай қызыл-сары түске еніп, нұрын аймағына тегіс шашып, биікшелу тау төбесіне төніп тұр. Маңайындағы жұқалаң ақшыл бұлттарды да өз түсіндей қызыл-сарыландырып көк жүзін көркемкелісті, әсем түрге бөлеген. Біраздан соң күн таудан әрі асып кетті. Күн сәулесі мен қызарып тұрған жұқалаң ақшыл бұлттар әлі де орындарында қалды. Олар біртіндеп қоңырқайлана берді. Қарт та,

Аман да табиғаттың тамылжыған кешкі көркіне сүйсіне, тамашалап қарап тұрды.

— Бала, — деді сыйыршы қарт әлден уақыттан кейін, — бұзау жауды ұнатасың ба?

— Әбден ұнатам.

— Өскенде де бақташы боламын десеңші! — деді қарт күлімдеп.

— Жоқ, ата — деді ол қабағын тыжыртып, өзінің келешегіне түсінбеген қартқа ренжіген пішін білдіріп.

— Мен бақташы болуды арман етпеймін, инженер болуды арман етемін, соның үшін де оқып жүрмін. Ал бақташы болуды арман етсем, мен оқымаған болар едім, өйткені оқымай-ақ бақташы болуға болады. Ал қазіргі бұзау бағудағы мақсатым — келешекте бақташы болу үшін емес, колхозға қолқабыс тигізу.

Сыйыршы қарт жас баланың байымды сөзін ықыласпен тыңдады, әрі мойындады.

Төлеужан ИСМАИЛОВ.
Семей облысы, Абралы ауданы.

ТАУҒА ШЫҚҚАНДА

Ж. ӨМІРБЕКОВ

Сонда жүріп Павлик,
Тау жынысын тексерді.
Геологтарша сарылып,
Топрағын екшеді.

Көбелек қуып Қадиса
Кейінірек қалыпты,
Мектебі үшін барынша
Жәндікті жыйып алыпты.

Өмірдің еркін жазынан
Тапқандай бақыт жымыйып.
Қызыл, жасыл, ағынан —
Гүлжаһан жүр гүл жыйып.

Көрдік, шыңнан — алыстан,
Ойда тұрған қаланы.
Көкжиекпен жарысқан
Жасыл сулу даланы.

..Жартасқа шығып бәріміз
Асыр салып ойнадық.
Жарасып жастық сәніміз —
Саяхат күнін тойладық.

Бұлт жамылып, мұз киген,
Бурыл тартқан күздары —
Алатау шыңы күн сүйген
Қызықтырмай тұрмады.

Жарасып салған әніміз
Өрледік таудың шыңына.
Біріміз емес, бәріміз —
Қумартып оның сырына.

Лагеріміз орманда
Жамылып жасыл жапырақ,
Алыста сонау қалғанда,
Тоқтады біздің отряд.

Аншының әңгімесі

Ә Н Г І М Е

Қ. АЛДАБЕРГЕНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Ермек қарындашының ұшын шығарып, қағаз, кітаптарын сумкесіне салып, жеңгесіне қызыл галстугін өтекке бастырып болды да:

— Жақында біздің сабағымыз басталады, тым болмаса быйыл аң атуға бір де рет ертіп апармадыңыз, — деді.

Ағасы қос ауыз мылтығын тазартып, ожездерін оқ-дәрілеп бола бергенде, біреу есікті қайта-қайта қақты да, үйге кіріп келді.

— Мен машинаны дайындап келдім, өзіңіз де білгендей-ақ мылтығыңызды жөндеп жатыр екенсіз, мүмкін болса арқар аулап қайтайық, — деді Желдібай.

«Аң атуға баруға менің қарсылығым жоқ» деген сөз ағасының аузынан шығуы мұн екен, Ермек мені апармай тастап кетерме екен дегендей жалт қарады.

— Ермек те бізбен бірге барсын, — деді ағасы, Ермек отырған орнынан атып тұрып, дереу киіне бастады. Аншылар біраздан кейін жол жабдықтарын қамдап, тамақ ішіп, дайын тұрған машинаға мініп, «Өтеген қайдасын» деп жолға түсті.

Түн сондай жылы еді. Шық басқан машина терлеп-тепшіп қара жолмен түрілдеп зырлап келеді.

Бір мезгілде Желдібай бұрыла қарап:

— Ермек шырағым, нешеге келдің? — деді.

— Аға, мен 12 ден 13 ке шығамын.

— Шырағым, ертеде Карамерген деген кісі 13 жасында атқа мініп, ит жүгіртіп, күс салып, жапан даланы жалғыз аралап, садақ жасап, оқ жоннып, құралайды көзге атып, мергендікпен талай қызықты басынан атқарған екен. Арқар мен киік өте көп аң. Олар таулы, тасты жерде өседі, өз бетімен күн көреді, кейбіреулері адам айтса нанғысыз, ауырлығы 17 — 18 пұт тартады. Әсресе, арқардың басы мен мүйізінің салмағы 2,25 пұттай болады. Мүйізінің ұзындығы 1,5 метрге жетеді. Олардың жақсы көретін жайылымы — елсіз қалған жұрт, жыра-жыра сай арасы. Олар өте сақ аң.

Арқар адам баласынан, ит-күстан үріксе де, жылдам қашып кетпей, алды-артын болжап, бұрылып тоқтап, сонан кейін қашады. Ол иісті тез сезіп, дыбысты шапшаң естіп, кісіні сондай алыстан көреді. Сондықтан аң атқан мергендер арқардың жел жағына шықпай, ық жағымен жүріп, ешбір дыбыс білдірмей, аяғын ұшынан басып, таудың тасын паналап, сай-сайды аралап, жыра-жыраны қуалап, еңбектеп келіп атады. Егерде мергеннің дыбысын естіп, иісін сезсе тасқа шығып алып, одырайып қарап, айбат шегіп, алдыңғы аяғымен жер тарпып, бір азға дейін тоқтап тұрады. Арқарды ату жеңіл жұмыс емес. Оған көп еңбек, айла-ақыл, сақтық, шапшаңдық, көнімпаздық керек.

Желдібайдың әңгімесін жолаушылар тыңдай отырып, қай шамаға келдік деп қараса, ай батып, оның маңындағы жымын қаққан жұлдыздар азайып, төбедегі Жеті қаракшы мен Үркер төмендеп, Темір қазық көрінбей, Шолпан жұлдыз еңкейіп бара жатыр екен. Бір мезгілде машина тұра қалды. Бұлар Өтеген тауының етегіне іліккен екен.

Өтеген деген ертеде ер болған адам. Оның арғы атасы Үйсін, бергі атасы Дулат. Мұнан көп жылдар бұрын Жеті судың бойында араламаған өкер қалдырмай, ту арғы шеті — Мо-



йынты, бергі жағы — Балқашқа дейін барып, ақырында осы жерді мекен қылған адам. Сондықтан халық осы жерді «Өтегеннің тауы» деп атаған. Өтеген тауы Алматыдан 150 — 300 шақырым жер. Бұл жерде қыстың күні қар аз, жазда жайылымы мол, суы көп, мал бағуға қолайлы. Мұнда Алматы облысының үш ауданының төрт түлік малы жазы, қысы бірдей жайылады. Бастау дейтін кереге көзді, жартасты сайында жердің астынан қайнап шығып бұлақ ағып жатады.

Аншылар машинадан түсіп, шапшаңды қағып, қайнар суға беті-қолын жуып, жақсылап тамақтанғаннан кейін таң атып, күн уясынан жаңа қызарып шыға бергенде, алдарындағы шоқыға шығып, жан-жаққа көз жіберді. Желдібайдың бетінен қаны қашып, дауысы қырылдап, қарсы алдына қарай қолын шошайтып, қатып қалған. Нобайы бірдемені көріп тұрған сыяқты.

— Аға, ол көрінген арқар емес пе, мүйізі бар көрінеді? — деп Ермек сыбырлағанда, Желдібай:

— Енді одан көз жазбайық, — деді. Қырқадан төмен түсіп жайылып келе жатқан бес-алты арқарды Ермек те көрді.

Аншылар желдің қай жақтан екенін анықтағанша, күннің көзі арқан бойы көтеріліп қалды. Желдібай мылтығын қолына алып:

— Менің артымнан қалмандар, бірақ мен не айтсам соған көнетін болсандар ертемің, әйтпесе қалындар! — деп жымыйып күлді де, алға түсті. Олар ақырын жылжып бір қара шоқының төбесіне шыға бергенде, Желдібай төмен қарай домалап кетті. Олар аң атуды былай тастап, сүріне-қабына Желдібайдың қасына келді. Ол есі ауып, шалқасынан құлап жатыр екен. Бетіне су шашып, жағасының түймесін ағытып, белбеуін шешіп алғаннан кейін ғана есін жыйнап, сөйлей бастады.

Біздің айқайлап сөйлескен даусымызды, тастардың құлап сыртылдаған дыбысын естіп арқарлар қашып кеткен шығар деп, ол сары уайымға түсті. Бірақ жел арқарлар жағынан

шығып, арамыз қашықта болып, аңдар өздерінің мекенінде жусап жатыр екен. Мұны көрген Желдібай әлгінде ғана құлап есін танғанын ұмытып, қуанып кетті.

Үш аңшы ақырын жүріп отырып, жартасты бетке ұстап арқарлар жусап жатқан жерге жақындап келді.

Ермек:

— Екі мүйізі артына қарай бірнеше рет қайырылып оралған арқар қарауылдап, биік тастың үстінде бізге қарап тұр. Қалғандары аржағында күн шуақта жатыр, — деді. Желдекең тау басында қарауылда тұрған арқарды тартып қалып еді, ол жартастан мұрттай ұшты. Барлығы жүгіріп барса, жартастың айналасы қып-



қызыл судай аққан қанға боялыпты. Бірақ арқардың қайда кеткенін таба алмай, әрі-бері жүгіріп қарап жүрген кезде, алдарынан бір аяғын сүйретіп қаша жөнелді. Желдекең мылтығын екінші рет кезеп, басып қалғанда, арқар жалп етті, енді өлді ғой деп құлаған жеріне таяна бергенде, ішек-қарнын шұбатып тағы қаша жөнелді. Желдібай арқарды артынан қалмай қуып жақындап келіп, үшінші рет атты. Арқар сайға қарай тасты салдырата-күлдірете, шөпті жапырамапыра домалап түсті.

Үш аңшы атып алған арқарды су-басына әкеліп сойып, ішек-қарнын аршып, машинаға салып алып, Бастауға қарай жүріп берді.

*Роллшевицтің
Қолымы*



Ардақты ана — ұлы Отан,
Сенен туған мен балаң.
Ленин — Сталин ұлы адам,
Күреске мені баулыған.

Жүрегіме жан алдым,
Сталин — күн нұрынан.
Отаншылдық қан алдым,
Жеңімпаз Ленин туынан.

Жігерім, ар-намысым,
Білімім, қайрат, бар күшім
Мәпелеп мені өсірген,
Отаным — анам, сен үшін!

Сыздық **НУРМУХАНОВ**,

Солтүстік Қазақстан облысы,
Пришим ауданы, Октябрь ор-
талау мектебі.

Кітап



Кең бөлме, кішкене стол, электр шам.

Бәріде лайықты орын алған,
Столға салмағын сап кітап жатыр,
Мен оған, ол қадалып қарап маған.
Беріліп көңлім мен бар ниетім,
Тездетіп жылдам оқып ашып бетін.
Бірі бітсе, күтіп тұр екіншісі,
Емеспін түгел оқып бігіретін.
Уақыт өтіп, күн шығып, міне атты таң,

Аулақпын бірақ, әлі жалығудан.
Ләзәті жүрек пенен бойды билеп,
Сүйсініп барған сайын сүйіп барам.
Уа, асылсың баған зор кітап заты,
Сүйсінтер сенсің жанның рахаты,
Жалықпай қадағалап сенен алам,
Өміріме азық пенен мол ләзәтті

Жұмағазы АХМЕТОВ,

Алматы, № 18 мектеп.

Бір күні үйде
Түсіп әр күйге,
Отырдым ойға қайырмап.
Қаламды алып,
Сыяға малып,
Жазып сабақ дайындап.
Бір кезде інім
Бермеді тыным,
Жұлқыңды бір талпына.
Жақындап келіп,
Ойымды бөліп,
«Алшы» деп мені қасыңа.
Кенеттен бір ой
Жаздырды бой,
Сап етті кеп басыма.
Келген соң оңы

Істеуге сөны
Келдім оның қасына.
Тапқансоң ойың,
Қолына оның,
Устаттым бір кітапты.
Суретін көріп,
Үңіле төніп,
Жайды бұған құшақты
Сонансоң маған
Болмастан алаң,
Отырды ол күлімдеп.
Ойнады янық,
Құмары қанып,
Өз бетінше үілдеп.

Баймұқан ТОҚТАРОВ,


І Н І Ш Е К

Ж А С Ж Ы Л Қ Ы Ш Ы

Құлыншағым, құлыным-
Желкілдеп желге тұлымың,
Көзің жайнап жұлдыздай.
Айға қарап тұруың,
Күнге қарап күлімдеп,
Сәнмен мойың бұруың,
Күміс жібек жайма жал,
Сілкіп тастап бұрымың,
Алдың өмір тынымың.
Күндіз жүнді құлыншақ,
Ойнақтағыш ұрыншақ,
Үлпершектей үлпілдеп,
Денең сұлу жұмыршақ.
Тұяғың асыл болаттай,
Жал, құйрығың жанаттай,
Мәпелеймін, бағамың
Қасқырларды жолатпай.
Жал, құйрығың, жүніңді
Тазалап жуып, тараймың.
Күзетемін көзімдей,
Күндіз-түні қараймың.
Құлыншағым, маған серт
Бабыңды сенің таппасам.
Ел қорғауда саған серт,
Жұлдыздай бейне ақпасаң.

Шапқан жауды, маған серт
Қақ маңдайдан атпасам.
Құмардан шығып, құлыншақ,
Сонда сені мақтасам!

Бәдел ТҰРСЫНБАЕВ



ЖАЗҒЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Жазғы демалыс кезінде пионер лагерлері мен мектептердің жазғы спорт алаңдарында көптеген қызықты әскери-спорт ойындарын, футбол, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика, т. б. ойындар өткізуге болады. Бұл ойындардың көпшілігі балалар мен қыздарды барлық жағынан шыныққан, төзімді болуға, жігерлі, батыл болып тәрбиеленуіне көмектеседі. Сондай ойындардың бірі-волейбол.



ВОЛЕЙБОЛ

Волейбол-доп ойыны. Бұл ойын барлық дененің бұлшық еттерін шынықтырады, сонымен бірге кісінің шапшандық, дәлділік қаблетін арттырады. Ойынға екі команда қатысады, оның әрқайсысында 5—6 адамнан болады.

Ойынның мәні мында: бір команда допты қолмен қағып, сетканың (аудың) арғы, нуіне көмектеседі. Сондай ойындардың бірі — волейбол.

Белгілі ойын алаңы болады. Алаң сеткамен екіге қак бөлінген. Егер әр команда да алты кісіден болса, үшеуі-сетканың қасында, үшеуі-олардың арт жағында тұрады. Ойын алдында жеребе ұстасып, бір команда допты бастап ұрады, ал екінші команда алаңның қалаған жағына тұрады.

Ойыншы допты алаңның артқы оңжақ бұрышында тұрып ұрады, допты бірінші боп ұратын да сол артқы оңжақ бұрышта тұратын ойыншы. Допты екінші ұруға (беруге) кезек келгенде, оны ұратын оңжақта, сетканың қасында тұрған ойыншы. Бұдан кейін ойыншылар сағат тілінің бағыты бойынша жылжып, орындарын ауыстыра береді.

Ұрылған допты қарсы алған жақ оны түсірмей және үш ұрудан асырмай кері қайтаруы тиіс, демек допты берген жаққа қайта ұрып жіберуі керек. Ойнаушы команданың бірі ағаттық жасағанға шейін доп алма кезек екі арада қағыла береді. Егер ағаттықты допты ұрған (берген) команда жасаса, ол допты қайталап ұрмайтын болады, демек бір кезекке допты ұру (беру) пұрсатынан айрылады. Ал, ағаттықты допты қарсы алушы жақ жасаса, онда ол жақ бір ұпай ұтылған боп саналады.

Ойын ойнаушы екі жақтың бірі 15 ұпайға ие болғанға дейін созылады. Ал, егер ойын бітер алдында қарсы жақтың 14 ұпай ұтысы болса, екі жақ бірінен бірі екі ұпай артық ұтқанға дейін созыла береді. Ойын біткен соң командалар орын ауыстырады, допты қайтадан жеңілген команда береді.

Бұл ойында мынадай әрекеттер ағат әрекеттер боп есептеледі: доптың жерге түсуі, допты бір команданың бір кезекте үштен артық ұруы; бір ойыншының допты екі мәртебе ұрып жіберуі, яки сеткаға қолы тиюі, ойыншының сетка астындағы аралық сызықты кесе басуы; допты ойын алаңынан сырт ұрып жіберу:

ҮЙРЕК АУЛАУ

Мұнда «Аңшы» және «Үйрек» деген екі команда болады. «Аңшылар» командасы айнала ирліп шеңберленіп тұрады, ал «Үйрекер» командасы сол шеңбердің ішіне енея: Аңшылар «Үйректерді» соғу максаты мен оларға доп лақтырады, ол Үйрекер» тек шеңбердің ішімен айнала қашып, қорғануға тиіс. Доп тиген үйрек ойыннан шығады. Барлық «Үйрек» түгел «өліп» болғанда ғана, ойын аяқталған болып есептеледі. Мұнан кейін командалар орын ауыстырады. Келесі ойында бұрынғы «аңшылар» енді «үйрекер» болып, ал бұрынғы «үйрекер» енді «аңшылар» болып ойнайды. Ойында «үйрекертерді» тегіс «өлтіруде» уақытты аз жіберген команда ұтқан болып есептеледі.




ЖАЛАУДЫ АЙНАЛА ЖҮГІРУ

Ойнаушылар екі командаға бөлінеді. Команданың әрқайсысына түрлі түсті арнаулы жалау белгіленіп беріледі. Мысалы, біріншісіне-жасыл, екіншісіне-қызыл, тағы сол сыяқты. Әрбір ойнаушы өзінің қай командада екенін, оның жалауының түсін ұмытпай есіне сақтауға тиіс. Мұнан кейін командалар алаңға тарайды. Комада капитаны қолындғы кішкентай жалауды жоғары және оңжағына сілтегенде, команда адамдары жалау нұсқаған жаққа қарай оңжақ флангамен тез сапқа тұрады, бұл кезде әрбір адам өзіне белгіленген орнын алуға тиіс. Бұл ойында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, сапқа тез тұра білген команда ұтқан болып саналады.

Ойнаушылардың жасына, олардың қатысуына қарай бұл ойындардың барлығын да жеңілдетуге де қыйындатуға да болады. Бұл үшін ойынның белгіленген тәртібін сақтай отырып, ойыншылар өз ұсынысын енгізіп, жағдайларына қарай құрып алуларына болады.

А. ЖЕСТОВСКАЯ,

Республикалық физкультура комитетінің оқушыларға дене тәрбиесін беру жөніндегі бөлімінің нұсқаушысы.





Оқушыларымыздың сұрауларына жауап

САМОЛЕТТІ КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН ОЙЛАП ШЫҒАРДЫ?

Арықты бастауыш мектебінің оқушысы Қ. Сыздықовтың сұрауына жауап.

Адам баласы аспанға ұшуды ерте заманнан-ақ арман етті, аспанға ұшуға әрекет те жасады. XI ғасырда Оливье деген ағылшын құстың қауырсында-рынан қанат жасап, оны өзінің денесіне мықтап байлады. Сонсоң ол биік мұнараның басынан төмен қарай қарғыды. Бірақ Оливьенің бұл «ұшуы» сәтті болмады. Ол аяғын сындырып алды. Ал, 1507 жылы шотландық Доминан деген адам да қанат байлап ұшуға әректенеді. Бірақ ол да мертігіп қалды.

Аспанға ұшуға әрекеттенушілер Россияда да болды. 1695 жылы боярин Трубецкий өзінің бір басыбайлы шаруасына қанат жасап беріп, оны аспанға ұшырмақ болады. Бірақ Трубецкийдің бұл әрекеті де іске аспайды. Сол сыяқты XVI ғасырда өмір сүрген Италияның ұлы оқымыстысы Леонардо да—Винчи, XVIII ғасырда өмір сүрген Монгольфье деген ағайынды француздар, атақты физик Пилатр, тағы басқа көптеген адамдар да аспанға ұшуды арман етті. Және олар бұл жолда бірнеше әрекеттер де жасап көрді, әрекеттерінің барлығы да іске аспады.

Адамды аспанға алып ұшатын құрал-самолет дүние жүзінде тұңғыш рет Россияда жасалып шықты. Оны 1877 жылы орыс конструкторы, теңіз офицері, капитан-лейтенант А. Ф. Можайский ойлап тапты. Бұл самолет Петербург (осы күнгі Ленинград) қаласында Балтық зауытында жасалып шықты. Бұл самолеттің қозғағышы есебінде пружина (бұранда сым) қол-

данылды. Ол пропеллерді айналдырып тұрды. Бірақ А. Ф. Можайскийдің бұл тамаша еңбегін патша өкметі бағаламады, оның игілікті бастамасын қолдамады. Дегенмен, А. Ф. Можайскийдің бұл самолеті дүние жүзінде тұңғыш жасалып шыққан самолет болып тарихта қалды.

Шет елдерде ұшуға жарамды бірінші самолет тек 1903 жылы Америкада ғана жасалып шықты. Оны жасап шығарған ағайынды Райт деген адамдар еді. Олар 1903 жылы 17 декабрь күні өздері жасап шығарған самолетпен жоғары көтеріліп, аспанда 12 секунд болды. Мұнан кейін барлық шет елдерде де фабрикалық және қолдан жасалған самолеттер пайда бола бастады.

Біздің еліміз—тек жалғыз моторлы самолеттің ғана емес, сонымен бірге, көп моторлы самолеттің де отаны. Өйткені дүние жүзінде тұңғыш рет көп моторлы самолет Россияда жасалып шықты. Оны жасап шығарған орыс конструкторы И. И. Сикорский деген адам. Ол авиация тарихында алғаш рет «Орыс батыры» («Русский Витязь») деген көп моторлы самолет жасап шығарды. Бұл самолет 1913 жылдың көктем және жаз айларында Петербургтің үстімен бірнеше рет ұшып өтті. Мұнан кейін Россияда «Илья Муромец» деген екінші үлкен самолет жасалып шықты.

Қазір біздің елімізде самолет жасау ісі қарыштап өсуде. Біздің самолеттеріміздің сапасы да, саны да шет ел самолеттерінен әлдеқайда артық.

КОМЕТА ДЕГЕН НЕ?

Қостанай облысы, Таран ауданы, Викторовка орта мектебінің оқушысы Едіге Оспановтың сұрауына жауап.

Аспанда анда-санда құйрықты шырақтар көрініп қалады. Олардың құйрықтары ұзынды-қысқалы болып келеді. Бұл шырақтар комета деп аталады. Комета грекше «Шашты» деген сөз. Қазақтар кометаны құйрық жұлдыз деп атайды.

Кометаның негізгі үш бөлімдері: жұлдыз тәрізді кеудесі, оны айнала қоршаған тұманды басы және одан шығатын құйрығы болады.

Кометаның кеудесі өте сирек орналасқан жеке-жеке тастар мен қыйыршықтардан құралады. Ал, кометаның


басы мен құйрығы өте сирек газдардан, көбінесе, көмір тегінің тотығынан, углеводтардан, тағы басқалардан құралған.

Комета Күнді айнала жүреді. Кейбір кометалар бір мерзімді уақыттың ішінде Күнді айнала жүріп отырады. Мұндай кометаларды мерзімді комета деп атайды. Қазіргі кезде белгілі болып отырған 35 мерзімді кометалар бар. Бұл кометалардың күнді айналу мерзімі 3,3 жылдан бастап, 76 жылға дейін барады. Күнді 76 жылдық мерзіммен айналатын комета белгілі Галлей кометасы, бұл комета соңғы рет 1910 жылы 19 майда Жер мен Күннің арасымен көрініп өтті. Ал, ендігі көрінуі 1986 жылы болмақ.

Ал, кейбір кометалар қайдағы бір өте алыс жерден келіп, Күнді айналып шығады да, түпсіз тұңғыш алысқа зымырап тарта жөнеледі, мұның енді қайтып Күнге келер-келмесін анықтау мүмкін емес.

Кометаның құйрығының ұзындықтары әртүрлі болады. Кейбір кометаның құйрығы бұрымдай оралып жатады және онша ұзын болмайды. Ал, кейбір кометаның құйрығының ұзындығы жер мен күннің арасының қашықтығынан екі есе артық болады.

Аспан кеңістігінде комета өте көп. Олар кез келген бағыттарға қарай қозғалады. Кейбір кометаның жермен кездесіп, соқтығысып қалуы да ражап емес. Бірақ кометаның жермен соқтығысуы жер үшін қауіпті емес. Өйткені кометаны құраған тастар мен қыйыршықтар жер атмосферасынан өткенде өте ұсақталып үгіліп кетеді. Сондықтан олар көбінесе аққан жұлдыздар есебінде жерге түседі. Ал, аса ірі тастар жерге метеорит түрінде ғана түседі.



Галлей кометасы.

ҚҰНДЫ ЖҰЙНАК

Жуырда Сырбай Мәуленовтың «Өлеңдер жыйнағы» жарыққа шықты. Бұл жыйнақтың бірінші беті «Көсем бұйрығы» деген өлеңмен ашылады.

Ақын бұл өлеңінде:

«Отанды көсем даусы аралады,
Тындады Қазақстан қалалары,
Тындады сонау алыс Қыйыр Шығыс,

Мұхиттың толқын атқан жағалары» деп, данышпан көсеміміз Сталиннің Ұлы Отан соғысы басталған кездегі жалынды сөзінің айбынды күшін әсерлі етіп жырлаған.

Сырбай Мәуленов Отан соғысына қатысқан, жауынгер — ақын. Ол өзі болған жердегі соғыс жайларын, жауынгерлердің көңіл күйін өзінің өлеңдерінде айқын сыйпаттап бере білген.

Сырбайдың «Өлеңдер жыйнағына» ірілі-ұсақты сексен шамалы өлең кірген. Соның көпшілігі жауынгерлік тақырыпқа жазылған. Ақын бір өлеңінде:

Болдың ба сен Волховта,
Көрдің бе оның орманын?
Сол орманның әр талын
Өз жанымдай қорғадым.

Мұнда жауынгер өзінің жаумен жағаласқан жерін атап, ерлігін еске алып отыр. Ақын аспан соғысы, теңіздегі ұрыс жайлары, жалпы соғыстың көрінісін «Ана кегі», «Нева», «Кронштадт қамалы», «Ер Естай», «Нева жақтан жел еседі тамаша», «Зеровтан бойында», «Арқаның арыстаны», «Боранда» деген өлеңдерінде шебер суреттеген.

Сырбай бірсыпыра өлеңдерінде майданда жауды жеңіп, мерейі үстем болып туған жеріне оралған жауынгердің жүрек қуанышын жырлайды. Бұған оның «Туған жер», «Тобыл», «Тосын», «Торғай», «Қайтармыз Қазақстанға» деген шығармалары дәлел бола алады.

Неміс басқыншыларын жеңумен бірге, Батыс Европадағы езілген елдерді Совет Армиясының азат еткенін жырлап, оның айбынды күшіне сүйсінеді.

Сырбай өзінің бұл тұңғыш өлеңдер жыйнағында тек майдан өмірін ғана суреттемей соғыстан соңғы еліміздің



шаруашылықты қайта құру, өркендете беру дәуірінде көрсетеді.

Осы кітапта «Аманкелді», «Лермонтов» деген екі өлең бар. Бірінде — батырды, екіншісінде — ақынды жырлайды.

«Төңірден дауыл сұрап, дарқан өскен,
Өр ақын отпен ойнап, майдан кешкен».

деген сөз орыстың ұлы ақыны Лермонтовтың асқан дарынды ер адам екенін сыйпаттап, оның жалынды бейнесін көз алдына әкеледі.

Сырбай Мәуленовтың бұрын газет, журналдарда бірсыпыра өлеңдері басылған. Ол творчествосы өрістеп келе жатқан, талантты жас ақын. Осы тұңғыш жыйнағында ол өлеңді әрі қысқа, әрі шебер жазатындығын көрсетті. Тілі түсінікті, мазмұны ойға құрылған, қысқа көркем өлеңдері балаларды да, ересек оқушыларды да қызықтырарлық.

З. Бейсембаева.

К І Т А П

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Жайды дүние құшағын...
Оқыған сайын қызығып,
Отырды ұзақ Балнұрым,
Жалығу, ұйқы боп ұмыт.

Кітап—қалың ну орман,
Әр сөзі — нәрлі бір жеміс
Қалыспайық Балнұрдан
Кел балалар, кел тегіс!

К. Борамбаев — Біз күштіміз (өлең)	
Ф. Дінісламов, Т. Мұқанов — Колхоз баласы (әңгіме)	1
С. Бақбергенов — Азамат (повесть, соны)	3
Ж. Саин — Бақташы мен бұлбұл (өлең)	6
В. Копытин — Өлке сыры (әңгіме)	7
К. Жармағамбетов — Тамаша адам	9
С. Сеитов — Көзілдірік (өлең)	10
Т. Дарқанбаев — Орыстың ұлы ғалымы И. В. Мичурин	11
Б. Исқақов, П. Редько — Алатау аясында	12
С. Шатров — Түймедейден түйелей (көңілді әңгіме)	14
Ы. Алтынсарин — Мақта қыз бен мысық (ертегі)	16
Білімді совет маманы бол!	17
Біздің почта	18
Ж. Өмірбеков — Тауға шыққанда	19
Қ. Алдабергенов — Аңшының әңгімесі (әңгіме)	20
С. Нұрмұханов — Большевиктің ұлымын (өлең)	21
Ж. Ахметов — Кітап (өлең)	»
Б. Тоқтаров — Інішек (өлең)	»
Б. Тұрсынбаев — Жас жылқышы (өлең)	»
А. Жестовская — Жазғы спорт ойындары	22
Білгім келеді	23
З. Бейсембаева — Құнды кітап	24
М. Әлімбаев — Кітап (өлең)	»
Ж. Тұрбеков, Б. Ғизатов — Отан туралы жыр (ән-өлең)	»

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов, төртінші бетіндегі суретті салған В. Нестеров.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (редактор), Ә. Бектұров, К. Борамбаев, Х. Доспанова, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех. редактор П. Я. Вальчук.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 22-VII-48 УГО859
Объем 3 п. л. Тираж 10.000
Гостипография №3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата № 552

Отан туралы жыр

Сөзі Ж. ТҮРБЕКОВТІКІ

Музыкасы Б. ФИЗАТОВТІКІ

mf *Allegro-moderato*

Өмір - дің гүлі жайнаған көркем бағы

Бақыттың сарқылмайтын ен бұлағы,

Туған жер саянда өскен ұланыңның

Қызықты қуанышты жастық шағы

Ай! Туған өлке кең далам, мәңгілік бақ

орнаған сайраңдаймыз саянда Ерікті ұлан-

біз балам, біз балам!

Өмірдің гүлі жайнаған көркем бағы,
Бақыттың сарқылмайтын ен бұлағы,
Туған жер саянда өскен ұланыңның
Қызықты, қуанышты жастық шағы.

Қайырмасы:

Туған өлке, кең далам,
Мәңгілік бақ орнаған.
Сайрандаймыз саянда
Ерікті ұлан — біз балам.

Өрледік білім шыңын, шырқай өсіп,
Бақытты шат өмірге ашып есік.
Баулығын ерлік, шындық, адалдыққа.
Сүйікті сен — Отаным — алтын бесік.

Қайырмасы.

Жағады жарқыратып жас ұрпағың —
Білімінің күннен жарық шамшырағын,
Камал жоқ, қыйындық жоқ біз алмайтын,
Жасасын қамқоршымыз ұлы Сталин!
Қайырмасы.




Бау-бақшамда күні-түн
Шомай берді торғайлар.

Сөзсіз қойды қарақшы
— Түрешіні, — деп, — боп айбар.



Бойы үйренген көп торған,
Үдеге берді өз ісің.

Көп ойлаған тапшай ма,
Таптым мен де әдісің.



Радио әкең орнаттым

Сөзсіз берді бір торғай
Жылағанда ұштың.